

Фридрих Ницше

**ӨЛІМ ӨТІНДЕГІ ОЙ ОРАМДАРЫ
(«Заратустра» кезеңдерінен)**

Алматы, 2019

ӘОЖ
ҚБЖ
Ф

Аударған:

Б.М. Сатершинов, философия ғылымдарының докторы, профессор

Фридрих Ницше

Ф Өлім өтіндегі ой орамдары («Заратустра» кезеңдерінен).

– Алматы: «Самга» баспасы, 2019. – 88 б.

ISBN –

ӘОЖ
ҚБЖ

ISBN –

© Алматы: «Самга» баспасы, 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Фридрих Вильгельм Ницше - 1844-1900 жылдар аралығында Алманияда өмір сүрген немістің (алайда оның пруссиялық азаматтықтан бас тартқаны белгілі) ұлы ойшыл-философы, ақын әрі сазгер, шашасына шаң жұқтырмаған теңдессіз стилист әрі эссеист. Батыс философиясының тарихындағы шоқтығы биік көрнекті тұлғаларының бірі. Заманында және осы күнге дейін ең көп сөз талқысына түскен, өзінен кейінгі әлемдік философияға орасан зор ықпалын тигізген романтикалық сарындағы ойшыл. Еуропалық философиядағы ақылға сүйенген рационалистік философиялық дәстүрді және христиандық ахлақты түгелімен теріске шығарып, тіпті адамзаттық «құндылықтарды қайта бағалауға» ұмтылған, «мәңгі қайта айналым» идеясы негізінде «билікке деген ерік», өзіндік «кемел адам» концепциясын алға тартушы иррационалист және имморалист философ.

Фридрих Ницшенің «Трагедияның музыка рухынан пайда болуы» (1872), «Тарихтың пайдасы мен кесірі» (1874), «Адамшылдық, шылғи адамшылдық, Еркін ойлаушыларға арналған кітап» (1878), «Таң шапағы немесе ахлақ түйсіктері туралы ойлар» (1881), «Көңілді ғылым» (1882), «Заратустраның дегендері. Бәріне және ешкімге арналған кітап» (1883-1885), «Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында. Болашақтың философиясына кіріспе» (1886), «Моральдың шығу тегі. Сөзталастық шығарма» (1887), «Пұттардың іңірі, немесе балғамен шеге қаққан философия» (1888), «Антихрист. Христиандықты қарғау» (1888), «Esse homo. Өз-өзімен болудың жолы» (1888), «Билікке бейім ерік» (1888) деп аталатын негізгі еңбектері академиялық дағдыдан анағұрлым алшақ, қанатты сөз – афористік стильде жазылған. Бұл еңбектерден Фридрих Ницшенің негізгі идеялары мен көзқарас эволюциясын аңғаруға болады. Оның бүкіл шығармашылығы мен өмірінен өзі айтқан «рухтың үш құбылысы» байқалады: 1) шөл даладағы білім мен танымның көнбіс түйесі; 2) ақиқатты жариялаушы арыстан; 3) риясыз әрекет ететін жасампаз бала.

Фридрих Ницше өмірінің соңғы он жылында аурудың азабын тартты (діндегі аяугершілік сезімін қатты сынаған Ницше жылқы жануарын сабаған адамнан атты арашалаймын деп қатты науқастанып қалған) және оның жазбалары мен мұрасына әпкесі Элизабет Ферстер-Ницше иелік еткен. Ойшылдың ілімі немістің

Ұлтшылдық идеологиясына қызмет етті деген пікір бар, алайда бұл оның көзқарасымен салыстырғанда мүлдем шындыққа жанаспайды. Ницшенің айтқан сөздері мен идеялары діннің ортодоксалды топтары мен ғылым-білімнің ресми өкілдері тарапынан қарсылыққа ұшырады. Дегенмен, сол заман мен қоғамның көптеген озық ойшылдарына Ницшенің әсері болғаны даусыз. Тіпті, қазақ данышпаны Абайдың өз заманын сынауынан ұқсас сарынды байқауға болады. Кеңес өкіметі тұсында бұл ойшылдың шығармаларын насихаттауға тыйым салынды. Оның моральға, кейбір діни және рухани құндылықтарға шүйліккен тұстары осы уақытқа дейін полемикалық пікірталастың өзегіне айналып келеді. Сондықтан, ойшылдың пікірімен келісу/келіспеу оқырманның өз еркінде.

Кеңестік коммунистік идеология күйрегеннен кейін, тіпті қайта құру жылдарында-ақ, посткеңестік елдерде Ф. Ницшенің танымалдығы күшейе түсті. Оның еңбектері орыс және басқа тілдерге көптеп аударыла бастады. Таным мен рухани ізденіс жолындағы көптеген жастардың философияға қызығушылығын оятты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында, сондай-ақ оқыту мен білім беру бағдарламалары бойынша оның жекелеген шығармалары қазақ тіліне аударылды. Дегенмен, Фридрих Ницшенің өмірі мен шығармашылығы қазақ тілді қалың оқырманға кең таныс емес.

Осы олқылықтың аз да болса орнын толтырар деген үмітпен, біздің заманауи қоғамның рухани, интеллектуалдық ахуалына оның ілімінің потенциалды өзектілігі барын ескеріп, Фридрих Ницшенің өмірінің соңғы жылдарында жазылған, өлімінен кейін жарияланған афоризмдерін қазақша сөйлетуді ниет қылдық. Әрине, тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан еуропалық ойлаудағы категориалдық тіл мен қазақы ойлаудағы бейнелі тілдің өзіндік айырмашылықтары бар. Оның үстіне, Фридрих Ницшенің мірдің оғындай сөздеріндегі үн мен ырғақты, бояу мен екпінді өзінің қарпы мен рухында беру оңай шаруа емес. Сондықтан, алдын ала, оқырманнан кешірім сұраймын. Аударма мәтіні орыс тіліндегі мына басылым бойынша жасалды: Ницше Ф. Воля к власти; Посмертные афоризмы: Сборник / Пер с нем.; Худ. обл. М.В. Драко. – Мн.: ООО «Поппури», 1999. – 464 с.

*Бақытжан Меңлібекұлы Сатершинов,
философия ғылымдарының докторы, профессор*

Фридрих Ницше
Өлім өтіндегі ой орамдары
(«Заратустра» кезеңдерінен)

1

Бүкіл нәрсенің екі келбеті бар: бірі солса, екіншісі гүлдейді.

2

Өткен шақ сияқты, болашақ та осы шақтың шарты. Болатын мен болуға тиіс – бар нәрсенің түбін құрайды.

3

Әлем туралы өткен шақта ойлан, сонда барлық бұралаң саған түзу боп көрінеді.

4

Кеңістік иықтарын көмеске тіреп тұр, кеңістік барда болмыс бар.

5

Бауырларым менің, табиғатта ақыл жоқ, біз табиғи болғандықтан бәріміз де ақымақпыз. Бірақ бұл ақымақтықтың тамаша аты бар – қажеттік деген. Келіндер, қажеттікке көмек берейік!

6

Сіздер айтасыздар: «Өкінішке орай, бұл - солай сияқты көрінеді», деп. Бірақ, бұл – шылғи өтірік.

Сіздер тағы айтасыздар: «Барлығы да жапа шегіп, түбінде күйрейді», деп. Алайда ақырына дейін айтпайсыздар: өйткені бәрі де жапа шектіріп, күйреткілері келеді.

7

Ол айтады: «Бүкіл әлем – ойлау, ерік, соғыс, махаббат пен ғадауат», деп. Бауырларым менің! Мен сендерге айтам: мұның бәрі жіліктегенде – жалған, жинақтағанда – шындық.

8

Егер сіз мақсат туралы айтсаңыз, кездейсоқтық туралы да, ақымақтық туралы да айтыңыз.

9

Өмірден парасат жасау үшін парасат-пайымға көп нәрсе керек пе!

10

Табиғатты да адам сықылды ұғыну керек: ізденетін де адасатын, ізгі де зұлым, күресетін де әрі өзінен биік тұра білетін.

11

Табиғаттан мен паңдық таптым, оны күдіретті деп атадым. Бұл тәкаппарлықты мен өз жан-дүниемнен де тапқандықтан, жанымды да күдіретті деп атадым.

12

Сөз сияқты ой да бір белгі - тек ой үшін белгі.

13

Тану – бұл демек, бүкіл табиғатты толығымен ұғыну.

14

Турашыл білім былай деп сұраудан басталады: «Қаншалықты бұл құнды?» деп емес, «Бұл не?» деп сұраудан.

15

Көру және сонда да сенбеу – міне, танушының бірінші ізгі қасиеті, сыртқы сипат – танушының ұлызғырушысы.

16

Бізді іштей толғаған нәрсеге бастапқыда ақыл жетпестей таңырқаймыз; кейін оған дыбыс пен сөз ойлап табамыз – міне, біз ақырында оны игердік деп ойлаймыз. Бұл наным дыбыспен білдірілетіннің бәріне тән: есітудің елесі.

17

Олар есімдерді алмастыруды үйренді де, осылайша, заттарды шатастыра бастады. Ең данышпан дегендердің барлық өнері міне осы.

18

Өзін түсінуге мүмкіндік беретіннің бәріне біз жек көрушілікпен қараймыз: қандай да бір ақымақтық өзін аңдаусызда көрсетіп алды да, өзінің түсіндірушісінің алдында жалаңаш қалды.

19

Біз қиялдамаймыз – біз ескереміз! Бірақ, біз ескеруге сүйене алу үшін алдымен қиялдадық.

20

Біздің көзіміз дұрыс көрмейді: ол бір мезетте әрі қысқартып әрі ұзартады; бұл көруді теріске шығарып, ол түкке де тұрмайды деп айту үшін жеткілікті бола ала ма!

21

Таным туралы тек танушылар айтқандықтан, бұл тұста көп өтірік көрінді: олар осындай жағдайды анағұрлым құнды етіп көрсетуге мүдделі еді.

22

Шындық әйелге ұқсайды: ол өзі үшін табынушысының өтірікші болуын талап етеді, мұндағы жалғыз айырмашылық мұны талап ететін оның беймазалығы емес, оның қаталдығы ғана.

23

Таным үшін өмір сүру біршама шәлкес көрінуі мүмкін, алайда бұл көтеріңкі көңіл күйдің белгісін білдіреді. Еркі осындай адам басымен тұрғысы келген піл секілді қызық болып көрінеді.

24

Танымның табынушысы! Сол сезімді тану үшін сен әлі адам өлтіріп көрмедің бе!

25

Ақыл-парасат ең дана деген адамның өзінде артықшылық болады: ретсіз хаос, қажеттік, құйын – міне, ереже осы.

26

Шынайылық таным құралдарының тек бірі ғана, бір баспалдағы, бірақ жалғыз баспалдақ емес.

27

Танушы үшін меншікке деген кез келген құқық тоқтатылады.

28

Шындық қиналдырады, өйткені ол сенімді күйретеді... дегенмен өзіңе деген сенімді емес.

29

Шындыққа ие болу қорқынышты емес, бірақ кез келген иелік секілді зеріктіреді.

30

Кім ойшылдың көздерін мықты сезіне алса, дәл кей жануардың көзі басынан сабына қондырылған сықылды шығыптұрып, жан-жағына алақтап қарап тұрған сәтіндей қорқынышты әсерді бастан кешіреді.

31

Уа, білімдарлар! Сіздер ұяндықтан ада болып қалмаудың қамын көбірек ойлаңыздар! Жақсы алманың да үлпегі болмай ма!

32

Танушының жоғарғы деңгейі оның таңырқау мен үрей туғызатын кезінде емес, танымаушылар оны үстірт, пәс, қорқақ,енжар ретінде сезінуге тиіс кезінде аңғарылады.

33

«Мен ананы-мынаны істеймін, барлығы да ғибратты болады, әсіресе, егерде мен сәтсіздікке ұшырап, қиын жағдайға тап болсам» - танымның табынушысы, еркіншіл рух осылай ойлап, осылай сөйлейді; мұндай жағдайларда оны ақылы аз, еркі әлсіз деп кінәласа, ол күледі.

34

Танымның адамы танымның қатесінен өзін «өнегелі адамның» киіміне кигізіп қояды, бірақ бүкіл өн бойынан оның моральді «қажет етпейтінін» байқауға болады.

35

Данышпан үшін басты қауіп оның ақымақтыққа ессіз ғашық болуымен сипатталады.

36

Таным барысындағы табыс мейлінше жіті сенім болған жағдайда ғана болады. Егер танымды осындай жағдайға дейін

жеткізсе, онда ол қандай да бір тартымды нәрсені қалауға, мысалы, қауіпсіздікті немесе жаңалықтарды қалауға, немесе ынтаға лайық келетін жалпы бін нәрсені қалауға айналады.

37

Ол өз танымының құрбандығына адамды әкелді, осылайша өзіне жасаған қаталдығынан басқа ештеңемен мақтана алмайды.

38

Әйел мен ғұлама еңбектенбейді. Әйел осы күнге дейін адамзаттың ең ұлы сән-салтанаты болып келді. Бірақ біз өзімізбен құштарланған сәттердің барлығында еңбектенбейміз. Еңбек – осы сәттерге жетелейтін құрал ғана.

39

Рухты еркін еткеннен не пайда, егер ол ұша алмайтын болса?

40

Еркін рух. Ұша алатын адам ары қарай самғау үшін біреудің итермелеуі қажет емес екенін жақсы біледі; мұны, ең болмағанда, «ары қарай жүру» үшін рухы отырып қалғандарға жасауға тура келеді.

41

Шындықтың маған немесе саған пайда не зиян әкелетінінде менің не шаруам бар! Бізге шындық пайда әкелетін адамдарды жасауға мұрсат бер!

42

Теңгеге құйылмаған алтыныңды өзіңмен алып жүру - қолайсыз; ешқандай формуласы жоқ ойшыл осылай істейді.

43

Танушы өз-өзін танудан қашады және өз тамырын жер бетіне қылтитып қалдырады.

44

Ең биік мұңлы әуендер әлі күнге қолданылмай қалды: ақындар өз дағдысында танушының қайғысы жөнінде түк білмейді.

45

Фауст, танымның трагедиясы? Шынында ма? Фауст маған күлкілі.

46

Қарсы тұру, сезімдердің қою бұйра шаштарын тарау маған ұнайды.

47

Шындықтан ләззат алғым келген кезде мен жалғандықпен адасушылықты, жақындық пен қашықтықты, өткен мен болашақты ойлап таптым; сонда мен өз-өзіме елестер мен ымыртты енгіздім.

48

Уа, сергек қалыптылар! Өмір туралы қиялдап үйреніндер, сонда мен сіздерді қиялдың күрмеуімен өмірге байлаймын. Өмір туралы қиялға шому – міне, осы, меніңше, «сергек болуды» білдіреді.

49

Уа, безгек ауруына ұшырағандар, сендер бар нәрселерге елес ретінде қарайсындар; ал сендер, безгекпен ауырмағандар, бар нәрсеге көлеңкеге қарағандай қарайсындар; алайда, сен екеуіңе де бір ғана сөздер керек болады!

50

Белгілі бір дерттің өтінде болғандайқарлық жағдайда ғана боласың. Ынтық болсаң қызбасың. Сіз рухтың парасаттылығын өте ынтыға қалайсыз, онда бұл құштарлықтың өзі дерт!

51

Нәрселерге олар сіздің алдыңызда ешқандай боямасыз, лыпасыз жалаңаш жатқандай қарау – бұл «шындыққа құштарлық» деп аталады және тек өтіріктің жігерсіздігін білдіреді.

52

Сіз шөлдеген кезде ғана сусын ішесіз; көңіл күйіңіз көтерілгенде билегіңіз келеді. Дәл сол сияқты шындық айтудың не екенін білу үшін алдымен өтірік айтып үйреніңіз!

Ашығу ғана сізді шындыққа қарай қусын: тек шындықтың саумал шарабына қанғанда ғана сіздің билегіңіз келеді.

53

Сіздер алабажақ ішік киген тәрізді сәнді сөздерге құмарсыздар: тек өтіріктің кілемі үстінде ғана нық қадаммен жүре алады, сіздей нәзік жандылар!

54

Рух сіз үшін әлі уайым мен жүрек қайғысы бола қойған жоқ: сіздің өмір наныңыз әлі ойдың ашытқысына айнала алмады.

55

Адал болыңыз: сіздің бәрінен неге күшті сенетініңізді түсініп қалдым. Лайым, сіздің бүкіл танымыңыз дәл осы күшті сенімге қызмет етсін.

56

Сен өзінді жағып жіберіп, шоқ боп кетуге батылың жетпейді, сол себепті де сен ешқашан жаңаны тани алмайсың. Ал мендегі бүгінгі бар қанат, бояу, күш пен киім ертең күлге айналады.

57

Танушы өзіне жеңістің гүлдестесін таға білуі де тиіс; ол оны біреудің әкеп тағып беруін күте алмайды, өйткені ол еш аялдаусыз жаңа өзгерістерге ұмтыла түседі.

58

Осы өлімдіктерден тағы бір нәрсе ұрлай алатын болсаңдар, онда сендер – мәйіт тонаушысыңдар!..

59

Сіздер өз аталарыңыздікі дұрыс және шындық үнемі аталарымызда болған деп дәлелдегілеріңіз келеді. Демек аталар қашанда немерелерге қарағанда көбірек адам болып көрінеді.

60

Басы мен тәнінде әскери машықтары бар кейбіреулерін есепке алмағанда, ғалымдардың қауымдастығынан асқан бейшара қоғам жоқ.

61

Мәймөңкесіндер, сендер, ғалымдар, тағы отырып қалған қыздар сияқты солғынсыңдар да.

62

Сендер ойынтас ойнағыларың келсе, ең кішкентай тастармен ойнайсыңдар, би көргілерің келсе, қиындарын тауып аласыңдар: сендер болмыстың әуейі денелі қортығысыңдар! Және сендер осыны ғылым деп атайсыңдар да, соған тер төгесіндер.

Мұндай ойынды балаларға ғана ойнауға болады; егер де ол күлкілі болса, мүмкін, сонда мен сіздің көңілді ғылымыңызды қостайтын шығармын.

63

Сіздер рухтың өзімен саудаластыңыздар; алып-сатарлықпен сіздер өз қандарыңызды уладыңыздар; сіздер қансырағанда ғана бұл зәрардан емделе аласыздар.

64

Сіздер өздеріңізді еркінбіз деп қиялдайсыздар, ал шындығында сендер біздің ұршығымызда айналып жүрсіңдер. Біздің пікірлеріміз бен бағаларымыз сіздің төңірегіңізде үйіріліп жүр: сіздерді біз, бағалаушылар қозғаймыз, сендер – сағаттың тетігісіңдер.

65

Менің білгім келеді, сен жасампаз адамсың ба әлде қалып қабылдағыш адамсың ба: егер сен жасампаз болсаң, еркін адамға жатасың, ал қалып қабылдағыш болсаң, сен сол қалыптардың құлы мен құралысың.

66

Құмарпаздық пен өзін өзі кіналаушылық – екі көршілес әуестік. Танушылардың арасында да өзін өзі жазғырушылар болады: олар ешқашанда жасампаз адам бола алмайды.

67

Уа, азат адамдар! Сендер өз өздеріңді қоя білулерің керек – тұруды үйреніңдер, әйтпесе, төңкеріліп түсесіңдер.

68

«Енді мен ештеңеге де сенбеймін» - шығармашыл адамның міне, нағыз ой бейнесі осы.

69

Жасау – демек, біреуге бір нәрсені хабарлау. Тану, жасау, сүйу – барлығы бір нәрсе.

70

«Ақымақ», «ғұлама», «қылмыскер», «озбыр» - бұлар жаман атаулар және аты жоқ жалқы нәрсе үшін жекелеген құбылыстар.

71

Үнемі кереге көз немесе таңғыш арқылы қарау – бұл жасампазды жалықтырып шаршатады және опат қылады.

72

Тану – бұл құндылықтардың күресін, ұмтылысты, аңсарды, бағаны білдіреді. Бірақ кез келген жаратылыс тәрізді, танымға да бейтаным болуға тура келеді.

73

Жасампаздарға ізгі ниетті болыңыздар: олар өз жаратылыстарына сай бауырмалдықтан кенде болып келеді.

74

Бір нәрсені шығаруға, мақсатқа, болашаққа, биікке ұмтылу – міне еркіндік осында! Жасаған кезде ғана еркін бола аласың!

75

Кім жасампаз болса, ол осыдан өзін жақсы көреді; сондықтан оған өз-өзін мейлінше терең жек көруге де тура келеді – бұл гадауатта ол мөлшерді білмейді.

76

Жапа шегу еркі: уа жасампаздар, сіздерге осы әлемде өмір сүруге тура келеді. Сіздер қаза болуға да сәл қаласыздар – сонда да өз шытырман жолдарыңыз бен өз адасушылықтарыңыздықтауға

тура келеді. Онсыз сіздер жасай алмайсыздар, тек өлу ғана қалады. Сіздерге өз көтерілістеріңіз бен құлдырауыңызға ие болуға тура келеді. Сіздерге өз зұлымдықтарыңызды мешіктеп, оны әрдайым бастан кешіруге тура келеді. Сіздер, мәңгі қайта түлеушілер, сіздер өздеріңнен қайта жаңғыруды жасауларыңыз қажет.

77

Шығармашыл адамды туындының әрбір науқанынан соң қазір орылған алқаптың үстінен жел тұрып кететіндей сезім билейді де, бәрінен айырылатындай күй кешіп, күрсінеді.

78

Жасампаз ретінде сен өзіңнен өзің өтіп кетесің – осылайша сен өзіңе замандас болудан қаласың.

79

Бәрі білетінді бәрі ұмытады да; егер түн болмағанда, жарықтың бар екенін кім білер еді.

80

Мен түпнегізді іздей бастағанымда өзімді бүкіл нәрсеге деген құрметтен қашықтаттым: төңірегімдегілердің барлығы маған бөтен әрі бос боп қалды. Бірақ құрметтіліктің өзі менің ішімде болды және білдірмей өскіндерін жая берді. Сонсоң ол ағаш болып өсіп шықты, мен соның көлеңкесіне жайғастым: болашақтың ағашы.

81

Мен сіздерге анағұрлым қырағы көздер мен шынайылықтың алдындағы үрейді бергім келеді: мен сендерге өз соңымнан қиыр болашаққа қарай зымырауды үйреткім келеді.

82

Өткен шақты ұрықтандыру мен болашақты тудыру – міне, осы шақ осылай болуы тиіс.

83

Мен күресіп жүрген жегі, тек мен оны өзімде аждаһаға айналдырдым: қандай құйтақандай елеусіз еді ол кезінде! Сіздің болашағыңызбен мен осылай күресемін.

Алайда егер сіздер күресіп, жеңгілеріңіз келсе, онда маған сіздер үшін аждаһаларды жауын құрттарына айналдыруға тура келеді.

84

Құрғақ жандар үшін мен өрт пен қатер боламын: күйдіретін күл менен кейін қалсын!

85

Менің берген сусынымнан сіздер түшкірулеріңіз керек және менің ұшқындаған шарабым иіс түйсіктеріңді қытықтап, түршіктіруі тиіс.

86

Барлық көздің жасымен, адамзаттың барлық мұң-қайғысымен мені батырып тастаңыздар, су бетіндегі май тәрізді мен тағы да қалқып шығамын.

Және мен қайтадан жерді сүйетін болам да, меніңашу-ызам аспандағы жұлдыздарды жерге түсіреді: бұл менің ең сүйікті кегім.

87

Міне тағы бүкіл жер асты әлемі өршелене ырылдайды, барлық көлеңкелер қарсы шығып, ұрса жөнеледі: өмір – бұл азап деп! Ал сен болсаң тағы өмірге болысқың келеді!

88

Мен қараймын, бірақ менің қарағанымды ар-ождан қалт жібермей қадағалайды: осылайша, мен өз көздерімнің түсіндірушісі боламын.

89

Қай кезде мен табысқа масаттанып, даңққа масайрадым?
Әрбір даңқ мен үшін тікенектен жасалған төсек болды!

90

Мен өз құрметімнің өтірігі үшін және өз көзімнің соқыр болу
еркі үшін сазайымды тарттым. Мен барлық боямаларға ызамен есе
қайтардым.

91

Танығым келді менің: маған мейірімсіз болуға тура келді. Мен
кек қайтарудан қашпадым! Сонда мен жәбірленгендердің мылқау
көздерін көрдім!

92

«Өз жүгімді мына шыңға арқалап шықсам, бойымды жазып,
бір терең дем алар едім» - таудың етегінде тұрған қаһарман
жиі осылай ойлайтын. Бірақ ол шыңға шығып, иығынан жүкті
түсіргенде олай істемеді – ол өзінің шаршағанын игерді. Және
оның бүкіл өн бойын құдірет бір діріл қақты.

93

Отаныма деген тың сағыныш мені зарықтырды: ең ерікті
жанның мұқтаждығы – мұны қалай атауға болады? Отансыз деген
отанға сағыныш, жүректің ең шыдатпайтын да ең өткір сұрағы:
қайда мен үйімде бола алам?

94

Сен жұлдыз емессің бе! Ей, мазасыз, сен шарлап қаңғырып,
үйден тыс болуға тиіссің!

95

Егер де бұйрық бере алатын адам көндіруге тырысып, патшаға тән қолдарын шапанның астына тығатын болса – мен оны биязылық деп атар едім.

96

Мен қай биікте тұрамын? Өзіме көтеріліп келе жатып, мен ешқашан баспалдақтарды санамаппын. Баспалдақтар таусылған жерден менің үйім басталады.

97

Көл-көсір молшылық пен ақыл-парасаттың иесі оны мыңдаған қолға таратыпбереді және күн сияқты оның барлығына бейтарап қарайды...

98

Мен дүлей дауылға сіңіп жоқ болып кеткім келеді, бірақ соңғы сәтте әрі адам, әрі найзағай болғым келеді.

99

Мен де солмын, менің ақымақ достарым! –бәске түсіп таласатындай болмағанда, мен немін, яғни мен де талғаммын!

100

Сендер менің жаныма келіп, жылынғыларың келе ме? Маған жақындамандар – менің кеңесім осы! Әйтпесе, қолдарыңды күйдіресіңдер. Қараңыздаршы, мен шектен тыс қызумын! Тәнімнен тысқа шығып кетердей, мен өз жалынымды әрең ұстап тұрамын.

101

Пейілі тарлардың зауқы осы екен ғой; бір үстелге қатар отыру үшін олар ұлыларға жәдігөйленеді.

102

Сіздің беткейдің жағалауына мен өршелене соғамын, құдды тарпаң толқынның құмды жағаны долдана суғаратыны секілді.

103

Сіз түсіну үшін сізбен қалай сөйлесем болар екен! Сіз дертке шалдыққан кезде ғана, сіздің құлағыңыз түрік болады.

104

Қалай жария қылуға болады? Даусымды қалай естіртем? Үңгірден еркіндікке қашан шығамын? Мен барлық оңашаланғандардың ішіндегі ең оқшауымын.

105

Бүкіл табиғат не үшін жаратылған, егерде мен рухтармен емін-еркін тілдесе алатындай белгілерге ие болу үшін болмаса.

106

Менің ең тәтті сөздерім оның, салмақтылық рухының ашытқысы болуы тиіс, және оның кегі бетегеден биікке көтерілуі керек.

107

Мен сіздерге шұбар ала ашамай терлік кигізе аламын: кім атқа міне алатын болса, әрине, ер-тоқымын да сала алады.

108

Сіздер тартылған садақтан қорқасыздар: біреу-міреу жебесін сайлап қоймады ма деп.

109

Басқалармен келісемін деп ұғынуым мені біздің бәріміздің келісетіндігімізге қатысты нәрсеге сенімсіздікпен қарауға мәжбүрлейді.

110

Бұл теріске шығарушы дәйек және мен сол үшін саған ырзамын. Енді, оның өзін бекерге шығаратын дәйегіңмен терістеші, досым.

111

Маған шындықты айтуға мұрсат бер: сенің дәлелің менің рухымның шөлін қандырады.

112

Ол жалғыз, және оның қасында өзінің ойларынан басқа ешкім жоқ; егер ол көбіне өз ойларымен емен-жарқын немесе қазымыр болып, олардың құлақтарынан тартып ойнайтын болса, оның несі таңқаларлық! Ал сендер болсаңдар, дәрекілер, оны күмәншіл дейсіңдер!

113

Егер кімнің еркі мықты болса, оның осы ерік-жігерін жақсы қылыққа бұру үшін оған күмәншіл философия анағұрлым қолайлы болар еді.

114

Егер кімде-кімнің ойы тылсымға қарай көпірден бір мәрте болса да өтсе, онда ол өзінің барлық ойына таңба жабыстырып алмай, ол жақтан кетпейді.

115

Кез келген жетістік осы кезге дейін табыс болып келді.

116

Кімнің бойында асқақтыққа жиіркеніш бар болса, оған «иә» дедуді ғана емес, «жоқ» деп айтудың өзі көтеріңкі үн болып көрінеді. Ол, өздігінше, терістеуші рухтағы адамдардың санатына

жатпайды, бірақ егер олардың жолына түсіп қалса, онда біршама тоқталып қалады да... күмәннің тостағына қарай қаша жөнеледі.

117

«Шытырман» адам ешқашан шындықты іздемейді, үнемі тек өзінің Ариаднасын іздейді.

118

Мен екі текті философтарды айырамын: біреулері үнемі тек қорғанады, екіншілері үнемі өздерінің жауларына шабуылдайды.

119

Құмарпаз, бірақ мейірімсіз және бетперделі жымысқы: гректер осылай болды, олардың философтары да, оның ішінде Платон да солай болды.

120

Досым, сенің ұнатқан нәрселеріңнің бәрінен көңілің қалды: түңілу, ақырында, сенің әдетіңе айналды және сенің «шындыққа құштарлық» деп атаған соңғы махаббатың, мүмкін, тек ...түңілуге құштарлық болар.

121

Егер тағы да бала болғың келсе, онда өз бозбала шағыңды да жең.

122

Барлық жаңсақ нәрселердің ішіндегі ең жаңсақтығы қандай? Қандай пікір ең көне және бар пікірдің ең жаңасы қайсы? Мына пікір: «Бұл азапқа салып қинайды. Демек, бұл – жаман».

Бұл «демекті» мен ұғынысымен және «жамандығының» төркінін көрісімен, мен сіздің барлық «жақсы» мен «жамандарыңызға» күле бастадым. Менің күлкім «жақсы мен жаманның арғы жағынан» естіледі.

123

«Олар бізге бұйрық бергілері келеді ме?.. Онда қарсыласайық: мүмкін, біздің еркіміз күшті тарап болып шығар!» - міне, зұлымдық туралы ұғымның шығу тегі осы.

124

Адамның жақсылық пен жамандық туралы жалған түсінігінен артық оған қымбатқа түсетін ештеңе жоқ.

125

Өздеріңнің «жақсылық пен жамандықтарыңмен» өз-өздеріңнен өмірге деген ынтықтықты тойтарып тастадыңдар, сендер өз еріктеріңді қалжыраттыңдар; енді сендердің берген бағаларыңның өзі өлімге ұмтылған пәсейген еріктеріңді білдіреді.

126

Саған зиян келтіретін бір нәрсенің алдындағы үрейді сезінген кезде, сен айтасың: «Бұл – зұлымдық» деп; ал қандай да бір нәрсеге жеккөрушілікті сезінгенде, сен айтасың: «Бұл – жиіркенішті» деп.

127

Жамандық жиіркенішпен және аласа арамдықпен араласқан сәтте ғана жаман дақпыртқа ие болады. Ал оған дейін ол өзіне тартып, еліктеу туғызады.

128

Жеккөрінішті адамды қорқынышты адаммен бір көмбеге көмуге болмайды.

129

Кез келген жақсылық жамандықтан туындайды.

130

Кім де кім жаңа «жақсылық» жасаса, брыңғы «жақсылықтың» жақтастары оны жын-жыбырға телиді.

131

Жанға жағымды сезімдерді емес, күш пен кемел жағдайды «жақсылық» деп атаған.

132

Адамның өз қылықтарын жақсы немесе жаман деп қарастыруы оның психологиялық талғампаздық деңгейіне тәуелді. Және тек талғампаздық қана емес, бұл тұста кекшілдік те, жанның қалпы да, ибалық та, жеңілтектік те және т.б. өз әсерін көрсетеді.

133

Ізгі әуестік деген болмайды: барлық зауық тек біздің берген бағамызға қарай сондай боямаға боялады.

134

Бағалау сөздері – жаңадан шат-шадымандық... жаңа сезім табылған жерге тігілген тулар.

135

Егер мен сезімді құрметтесем, онда құрмет сезімге сіңіп кетеді.

136

Әрбір қылық түсіндірмеге мұқтаж. Мен түсіндірмешілерге жаңа сөздер мен жаңа тәсілдер беремін: олар адамның әдіснамасын жетілдірумен айналыссын.

137

Барлық бағалауларды адамдар жаратқан, және әрбір баға қаза болады. Бірақ бағалау әрекетінің өзі қаза болмайды: өмір сүру – демек, баға беру!

138

Барлығы да неге қабілетті? Мақтау мен даттау! Адамның ізгі амалы осы, оның нақұрыстылығы да осында.

139

Осы кезге дейінгі барлық бұрынғы бағалауларға толық күмән келтіруге неғұрлым жақын келген сайын, соғұрлым сен жаңа әуестікке жақындайсың.

140

Бағалау – құнсыздандырумен бір нәрсе. Баға берудің бүкіл дәмділігін татып көру үшін жек көру және зұлымдықпен қарулану қажет.

141

Барлық моральдық бағалардағы күмәншілдік жаңа моральдық бағаның туындауының нышаны.

142

Моральдық, сол сияқты антиморальдық жағдайлар мен ұмтылыстардың мәні танымға деген құрал ғана.

143

«Моральдың өзі әуел бастапқы күнәһарлық болды; моральдың өзі бірінші тұқым қуалаушы күнә болды» - әрбір танушы адам осылай ойлайды.

144

Қажеттілікті жете тану кез келген «сен тиіссінді» жойып жіберіп, бұл «сен тиіссіннің» қажеттілігі танымның жоқтығының салдары екенін көрсете алар еді.

145

Мораль бұл соның шырмауынан шыға алмайтындардың ісі; сондықтан олар үшін ол «өмір сүрудің шарты» болып көрінеді. Өмір сүрудің шарттарын теріске шығаруға болмайды; оларды тек... иеленбеуге болады!

146

Еркін ой моральды шегіне дейін жеткізеді де, ақырында, ол одан төмен тұратын жағдайға келеді.

147

Қайнар бастауға жақын тұр және талабың нық болсын: сонда сенің қалауың оңай орындалады.

148

Биік тұлғаның әрбір қылығы сіздің өнегелі заңыңызды ұсақ бөліктерге шағады.

149

Жақсылықтың күші оның жамандығының күшті екендігімен сипатталады.

150

Жамандық пен күшті күйзелістер бізді сілкінтеді және біздің бойымыздағы ұсақ та осал нәрселерді аяқ астынан келтіреді: бұл тұста сіз өзіңіздің ұлы болуға қабілетіңізді сынай аласыз.

151

«Ең әлсіз адам – ең жақсысы» - моральды уағыздаушылар осылай дейді.

152

Сіздер үнемі тек өз күштеріңізге сәйкес моральды ғана еншілейтін боласыздар.

153

Мақсат адамды былғайды, оның амал-әрекеті де: адамның тазалығы оның жүрегі мен ұятында.

154

Мен сіздердің еркін және еріксіз еріктеріңізге күлкім келеді; сіздердің ерік деп атағандарыңыз маған сағым болып көрінеді; ерік деген жоқ!

Сіздердің ерік деп атайтындарыңыз ауру қиялдан туған. Ал ерік өмір сүрмегендіктен «сен тиістісің» деген де болмауы керек.

155

Олардың барлығы бірдеме істегілері келеді, бірақ барлығы еріктің мәнін түсінбейді. Мынау неғып өмір сүреді? Неге анау өледі? Мұны ешкім де біле алмайды, өйткені мұның барлығында бұл «не үшін» болмайды. Бұрынырақта, ажал сәті келгенде, аспанға қолдарын жайып, «жоғарыдан келген сый» дейтін.

156

Адам амал-әрекетті бағалы ете алады; бірақ қалайша, амал-әрекет адамды құнды ете алады!

157

Әрбір біздің амалымыз біздің өзімізді қалыптастыра береді, ол барған сайын біздің шұбар ала киімімізді тігуін жалғастыра береді. Әрбір амал ерікті, алайда киім қажеттілікке бағынады. Біздің тәжірибеміз – міне біздің киіміміз.

158

«Кезінде» дейміз – бұл кезінде деген қай заман еді! Не деген тәтті сөз «кезінде» деген! Қалың ұйқыдағы орманның ішінде адасқан қоңыраудың сыңғырындай үн!

159

Мен өзімді әшкереледім, дегенмен жалаңаш тұрудың маған сөкеттігі жоқ. Адамдардың жануарлардан жоғары тұрғысы келетін кездегі оларға төнген албасты ұялшақтық деп аталады.

160

Кімнің жақсыға немесе жаманға жататындығын оның амал-қылықтарына қарап емес, өз әрекеттері туралы оның пікіріне қарап кесіп-пішіп айтуға болады.

161

Енді міне бүкіл ауа қызып тұр, өрт – жердің демі; енді сіздер, жақсылар мен жамандар, барлығың жалаңаш жүрсіңдер! Ал танушы үшін мереке басталды.

162

Ларошфуко жарты жолды тұрып қалды: ол адамның «жақсы» қасиеттерін теріске шығарды; ол оның жаман қасиеттерін де бекерге шығаруы керек еді.

163

Бізге әлі кері Ларошфуко жетіспейді: «жақсы» адамдардың мансапқорлығы мен өзімшілдігі адамдардың кейбір қасиеттерін абыройынан айырып, ақырында оларды жаман әрі зиянды етіп көрсететіндей тұлға тапшы.

164

Моральға сене қоймайтын әһлақи күмәншілге тағы бір қадам жасау қажет – өзінің сенімсіздігіне деген күмән. Бекерге шығару мен сенім білдіру бір біріне қол береді.

165

Егер шайтан өзінен терісін сыпырса, ол сонымен бірге өзінің атын да жоғалтады.

166

Ұят іске деген қажеттілігі осындай күнәға деген жиіркенішімен қоса өсе түскен күнәһар ғана бақытсыз... өйткені оның сол қажеттілігі анау жиіркенішін ешқашан игере алмайды.

167

Бірдемеге деген игерілмейтін қажеттілік және сонымен бір мезгілде соған деген жиіркеніш – міне күнәһарлық шеңбері мен сезімі осы.

168

Өздеріңнің ар-ұят деп атап жүргендерің не зат? Бұл заң емес, сіздердің заңға деген және сіздерді қолдайтын қолға деген мұқтаждықтарыңыз, сүріншек, маскүнемдер!

169

Ар-ұят – бұл біздің зауқыларымыздың санатын өзіміз саналы түрде бекітетін сезім.

170

«Еркіндік деген не? Таза ар-ұят!» - деген-ді жетінші данышпан Периандр.

171

Ұжданымның алдында опынған кезім болды ма? Бұл сұрақты естігенде менің жадым үн қатпайды.

172

Жаман ар-ождан – таза ар-ұят тапқан кездегі адамдарға салынатын алым-салық.

173

Ахлақи адамдар өздерін ұят жегідей жегенде өз-өздерінен қанағат алады.

174

Біздің қанымыз бен тәнімізге еніп кеткен жалған нәрсе бар; оны «таза ар-ұят» деп атайды.

175

«Бағыну» мен «заң» - барлық ахлақи сезімдерден естіліп тұрады. Алайда, «жүгенсіздік» пен «еркіндік» ақырында, моральдың соңғы көтеріңкі даусы болуы мүмкін.

176

Жаман нәрсеге деген өшпенділік –екіжүзді дінбасының өз жеке жақтырмаушылығын бүрмелейтін жылтыраған шекпені ғана.

177

Өздерінің жақтыруы мен жақтырмауларын міндет қып таңу – «жақсы» адамдардың ұлы ластығы.

178

«Тиіс» деген сөз көпшілік үшін «қалаймын» деген сөзден тартымды естіледі. Олардың құлақтарында әлі тобырдың түйсігі жайғасып отыр.

179

Әлсіздер «мен тиіспін» дейді; күштілер «болуы тиіс» дейді.

180

Қандай жұмсақ жайға жатып алғансыңдар, сендер! Сендер заңды жолға қойып алғансыңдар және заңға қарсы ниеті барларға ызалана қарайсыңдар. Бірақ біз еркінбіз: өз-өзіңнің алдындағы жауапкершіліктің азабы туралы сендер не білесіңдер!..

181

Әлем тып-тыныш тұр!.. Бұл тыныштық мені құдды қара бұтақ-жапырақтарымен орап алғандай көрінеді.

182

Бүкіләлемдік тарих тек кәнігі ірі қылмыскерлермен және ұлы қылмыс жасауға қабілетті болғанымен, тек кездейсоқтық арқасында қылмыс жасамағандармен ғана істес болады.

183

Егер тарихты тек «жақсы» адамдар мен өлмейтін екіжүзділер ғана жазғанда жаман болар еді. Өткеннің ұлы адамдарын олар «жақсы» адамдарға ұқсағанға дейін баттастырып бояй береді!

184

Тек біз ғана адамзат ізгілігі дарынсыздығының арғы жағына бір қадам болса да жасай аламыз, біздің қылықтарымыз сенімсіздікті қоздырады. Өнегелік «ортасында» дамылдап жатыр.

185

Отардың алдында жүретін қой болғысы келмейтін тәуелсіз адамға қарсы еуропалық адам күдікпен қарайды: мына жыртқыш аң төңіректі шарлап жүрген жоқ па деп?

186

«Асыл текті» түсінігі мен сезімі «қайырымды» түсінігі мен сезіміне қарағанда, басқаша тарихқа дейінгі дамуға ие.

187

Әділет қашанда бәрінен бұрын мадақталатын: оны көпшілік, яғни тең құқықтарға ие бола алмағандар дәріптейтін.

188

Барлығының теңдігі – ең сорақы әділетсіздік, өйткені онда ең ұлы тұлғаларға ұсақ болуға тура келеді.

189

Әңгіме мүлдем күштілердің құқығында болып тұрған жоқ; бірақ күштілер де, әлсіздер де – барлығы да бір нәрсеге ұмтылады: өздерінің билігін мүмкіндігі барынша таратуға тырысады.

190

Ахлақ ілімінде, физиологтардың тілімен айтар болсақ, әлсіздердің талпынысы күштілердің ұмтылысына сіңірілуі аңғарылады.

191

Тобырмен қалай барынша жақсы сөйлесуге болады? Білмеймін: бұл нәрсе менің айналысатын істер ауқымына кірмейді. Меніңше, қатаң ұстанымдардың талабымен оның өмірін қиындату керек сияқты, онсыз тобыр тіпті ойлауда да жалқау әрі жеңсікқұмар болады.

192

Тобырды ақылға күшпен әкелу керек және оны өз пайдасы үшін қамшымен сабау керек.

193

Егер сіз өз өзіңе заң бере алмайтындай өте әлсіз болсаңыз, онда озбыр саған бұғау салып, былай деуі керек: «Бағыныңдар! Тістеріңді қайрасаңдар да, бағыныңдар!» - сонда барлық жақсылық пен жамандық атаулы соған бағынуға батып кетеді.

194

Өздеріңнің аянышты тіршіліктеріңе жазықсыз, тікендердің қопасындай тұрсыңдар, сендер, бейшаралар. Міне мен сендердің араларыңмен ақырындап басып келемін, сендерді барынша аз таптауға тырысамын... бірақ менің жүрегімде сендерге деген жиіркеніш қайнап жатыр.

195

Олар заңдарға жармасып алған және заңдарды «берік жер» деп атайды, өйткені олар қауіп-қатерден әбден шалдыққан. Бірақ, шын мәнінде, олар заңдардың өзі соған бағынатын көшбасшыны, ұлы тұлғаны іздейді.

196

Көмектесудің, аяудың, бағынудың, өз жеке талаптарынан бас тартудың ізгі еркінің арқасында тіпті елеусіз әрі үстірт адамдардың өздері көзімізге төзімді боп көрінуі мүмкін; сондықтан оларға бұл ерік «ізгіліктің өзі» деп үнемі қайталап айта беруге тура келеді.

197

Адамдарды бәрінен жек көрген адам, дәл осының арқасында олардың ең ұлы жарылқаушысына айналып кеткен жоқ па?

198

Сенің өмірің әрқашан жеңіл болғанын сен қалайсың ба? Онда үнемі тобырдың арасында қал және тобырдың артында өзінді ұмыт.

199

Мораль – өмір сүрмеуі тиіс болған, рухы мен күші жадау құрттардың, артықбас әрі кездейсоқ адамдардың сылтауы.

200

Құтқарушылар?! Жуасытушылар мен қолға үйретушілер – міне осындай аттар сендерге абырой әкелуі керек.

201

Ауруды бәсеңдете отырып, сендер сырқатты әлсіреттіндер, сендер дәрігер емес, дүмше алдаушысындар!

202

Атылған бос оқ қайсар адамды қорқытуы мүмкін, қоян жүрек қорқақты қорқытпауы мүмкін.

203

Әуейліктегі сіздің өміріңіз өз-өзіңізді күстәналау; мұның екеуі де кесел әрі адамға лайықты емес.

204

Шошқалар ләззаттанудың балшығында аунап жатады; біліп қойыңыздар, кім ләззат алуды уағыздайтын болса, ол, сөзсіз, шошқатұмсықты болады.

205

Таза ашық аспанға қараңыздаршы! Ол барлық жұлдыздарды жұтып қойған жоқ па, бірақ қайтадан өзінің пәктігіне ие бопты.

206

Біз өз өзімізді жек көрген сәтте, мұның емі ретінде жақынынды жақсы көр қағидасын ұстануға кеңес беруге болады, өйткені жақындарың әп-сәтте-ақ біздің өзімізді сүюге лайық екенімізге сенуге мәжбүрлейді.

207

Егер өмірдің «иә» деп айтуға тұрмайтындығы рас болса, онда өнегелі адам өзінің бас қамынан бас тартып, басқаға көмекке дайын тұруымен өз бас пайдасына қарай өз жақынына қиянат қылады.

208

Алыстан бір бірі туралы жаман ойлайды: егер бұл екі адам бірге жақындасып қалса... қалай олар бір біріне жылышырай танытпауы тиіс!

209

Егер көпшіліктің пайдасы бізге де олжа болса, онда біз көпке пайда әкелгенімізді ізгі амал деп атамауымыз керек. Жақынынды жақсы көру деген міне осы.

Өлім өтіндегі ой орамдары («Заратустра» кезеңдерінен)

210

Шындығында, сіздер, қай кезде болмасын, өзіне пайдалы нәрсе істеген адамды көрдіңіздер ме?

211

Жеке пайда үшін көпшілік деу барып тұрған ақымақтық...

212

Тек құрал пайдалы; мақсат қашанда – жанға жағымды.

213

Адамдардың неұрлым көп мөлшері мейлінше ұзақ өмір сүргенінде тұрған не пайда бар? Сіздің бақытыңыз бүкіл болмысты ақтауға жарай ма? Керісінше, ол жек көруге тұрарлық нәрсе емес пе?

214

Сіздер есептеп ескергенде, болашақтағыларды ұмыттыңыздар: сіздер көпшіліктің бақытын естен шығардыңыздар.

215

Пайда емес, еңбек құндылық береді: ұзақ мерзімді жұмыстың игілікті нәтижесі.

216

Сүйіспеншілік – құлақ ойып бойұсынудың жемісі, еркіндік – сүйіспеншіліктің жемісі; бірақ көбіне тамыр мен оның берген жемісінің арасында тұтас буындар жатады.

217

Бұрын «мен» тобырдың ішінде жасырынатын; енді болса, тобыр оған қоса «меннің» ішіне тығылып алған.

218

Егер сен саған, өзіңнің тегіңе анағұрлым тән нәрсенің өкілі болғың келмей, оған наразылық танытсаң, онда наразылық сенің тегіңе тән.

219

Individuum est aliquid novum: басқа біреулермен бірдей бір де бір қылыққа ие болмау.

220

Өзіміздің жақынымыздан біз оның біздің мұратымызды алып жүре алмайтынын жек көреміз.

221

Мен сіздерге болашақтағы сіздердің ізгі амалдарыңызды түсіндіремін.

222

Ең ақымақ адамды да мен құрметтеймін, егер ол шынайы ақымақ болса; жасандылықтың бір тамшысы ең жақсы адамның өзін менің иіс сезуімді жиырады: менің мұрным сондай, менің талғамым сондай!

Бірақ, енді бұл туралы айтудың не қажеті бар, қазір шынайылық көп те, ал құнды адалдық өте аз.

223

Бар нәрсе туралы өтірік айтқандықтан, сізде болатын нәрсеге деген аңсар да болмайды.

224

Сіздер табынушыларыңызды төңкеріп тастап, былай дейсіңдер: бұларда қадір тұтуға лайықты еш асқақтық жоқ... Бұл сіздердің ешқандай табынушы жасай алмайтындықтарыңыздан...

Өлім өтіндегі ой орамдары («Заратустра» кезендерінен)

Өздерінді аясаңдаршы! Бұл табынушыларға деген долы жек көрушілік – өз өздеріңе деген ұлы жек көрушілік!

225

Менің жауларым – тек төңкеріп тастауды ғана біліп, өздері ештеңе орнатуды қаламайтындар. Олар «Мұның барлығының құны жоқ» дейді де, өздері ешқандай құндылық қалыптастырмайды.

226

Адамзат төбесіне төніп тұрған семсер адам өзімшілдігінің көлемі емес, керісінше, бұл өзімшілдіктің әлсіздігі, соның арқасында адам өз өзін өте оңай қанағаттандырады.

227

Мен сендерді адам ретінде мойындамаймын; менің адам деп танып, сағынатындарым, бұл асқақ адамдар.

228

Егер құрт сіздің бойына жиіркеніш тудырып, одан алыс кетуге асықсаңыз... онда, демек, оның өмір сүруге толық қақы бар!

229

Менің сезімім мен қалауым азды қанағат тұтып, алысқа бағдарланғанымен, мен ұзаққа созылмаған қысқа сұлулықты да жек көргім келмейді.

230

Егер сіз еркін болғыңыз келсе, онда сізге тек ауыр шынжырды ғана лақтырып тастауға тура келмейді; сізге өзіңіздің ең жақсы көретін нәрселеріңізден қашуға тура келетін сәт туады.

Сен өз әйелінді, өз еліңді, өз пайдаңды, өзіңнің ең құнды сеніміңді тастап кете алатындай жағдайда болуың керек және сенің өміріңнің күні уақытша бата тұруы тиіс.

231

Мен адамдарды ұнатам ба? Мен өзімді сүйемін бе? Олар да менің өзім сияқты – менің ұмтылған мақсатым.

232

Адамдар мораль жоғарыдан алынды деп сенгенімен, оны өз өздеріне бергеніне менің көзім жетеді. Осыдан кейін де біз жақсылық пен жамандық туралы айта аламыз ба?

233

Өз өзіңе баға беру құқығы... мен бұл құқықты қайдан алдым? Барлық бұрынғы бағалаулардың құқығынан және осы бағалаулардың шекарасынан.

234

Ұлы адам – өз ісі үшін өзінің бойынан аяугершілік сезімін лақтырып тастап, өзінің көңілшек жүрегін талқандай алатын адам; ол табысқа жету үшін көпшілікті және көп нәрсені құрбан қылуды өзінен талап етеді және батылы барып соған кіріседі...

235

Егер тіпті сен тек өзіңнің мұратың ғана болуды қаласаң да, саған бүкіл жарық дүниені осыған мәжбүрлеуге тура келеді.

236

Егер де сен мейлінше биік тұрсаң, онда сен саған қарай жоғарыға көтерілу үшін басқаларды соған тәрбиелеуің керек!

237

Сенің мұратың әлі сенің шекараң емес: сенің күшің сенің көзіңнің сараңдығынан ары арай барады.

238

Қандай да болмасын бір күштердің құлы болмай, үстемдік ету – асыл текті болудың құралы, міне, осы.

239

Менің сіздер үшін жасауыма тура келгенді маған қайтармасаңыздар да болар еді: есе қайтару жоқ!

240

Бәрінен де ұнатқан нәрсеңді жасау және оның барысында семіз сөздерді айтпау – міне, батырлық.

241

Өз қарсыласының мүлт кеткенін ғана емес, оның жеңісін де кешіре білгенді жақсы көрем.

242

Ол өзін құрбан етеді, бірақ аяугершілік сезімінен емес, өзін бай деп санағанынан; ол береді... ол өзін береді.

243

Сіздер мені құрбан етуші деп атайсыздар, бірақ қай кезде болмасын құрбан берген адам өзінің әкелгенінің құрбан емес екендігін жақсы білетін.

244

Өтірік сөздер болады: «Өзін емдей алмай жүрген кісі өзгелерді қалай емдей алады?» Алайда егер менде сенің мақсатыңның кілті болса, онда неге ол міндетті түрде менің құлпымды ашуы керек?

245

Сен өз өзіңді игердің, бірақ неге сен маған өзіңді тек жеңілген етіп көрсетесің? Мен саған жеңімпаз ретінде қарағым келеді –

раушан гүлдерінді құрдымға таста да, былай де: «Мені жұтып қоя алмағаны үшін менің құбыжыққа айтар алғысым осы!»

246

Бір нәрсені ұната қалсаң, шынайы сүйіп қалған сәтте-ақ, сол озбырың біздің ішімізде: «Дәл осыны маған құрбан ет!», дейді – және біз оны бере саламыз.

247

Майда құсалық бізді ұсақ қылады; ал үлкен сергелдеңге түсу бізді асқақтатады. Демек, ұлы азаптануды талап ететін ерік адамның өзіне деген махаббатын талап етуі тиіс.

248

Мен тіпті өмірдің ең тар баспалдағында да тұра алам, бірақ осы өнерімді сіздерге көрсете алмасам, онда менің кім болғаным? Сіздер шынымен де арқан үстіндегі бишіге қарағыларыңыз келе ме?

249

Менің тар сүрлеуім екі қатердің арасымен өтеді: бір жағында аяугершілік деп аталатын құрдым; екінші жағында тәкаппарлық деп аталатын шың.

250

Мен өз қатаңдығынан ізгі амал жасап, соған табынатындай аяугершілік сезімі барларды ұнатамын.

251

Біз қаншалықты аяугершіл болсақ, соншалықты қатал да болуымыз керек; табиғаттың өзінен кедей болудан сақтанайық!

252

Өзімізді өзіміз алып шығуға мүмкіндігіміз әлі бар, бірақ өз жақынымызды қалай алып шығуға болады? Ол өте қатты жапа шегуде!

253

Біз сасық ауаға тым төзімдіміз және сенің өзің де өзгелер үшін сасық ауасың.

254

Мен сіздерге көмектесуге келдім, ал сіздер болсаңыздар, мені өздеріңмен қосылып жыламады деп шағымданасыздар.

255

Жеткілікті шындыққа ие болған кезде адамдармен қатынаста өтіріктің қажеті болмайды; шындықтың көмегімен сізді алдауға болады және қай жаққа болса да баурап әкетуге болады.

256

Құсалықтан құтылудың екі жолы бар: тез ажал құшу және ұзақ мерзімді махаббат.

257

Сіздердің тіршілік етіп көруге деген батылдығыңыз жетпей жатып, суға сүңгіп шығуға батылы бармай тұрған баладай, өмірдің алдында әлден қорқып, қалшылдап тұрсыз. Ал уақыт болса өтіп жатыр, сіз болсаңыз «Өмір деп аталатын теңізден қорқыңыз да қалтыраңыз» деген ілімге құлақ түріп тұрсыз, осылайша сіз осы ілімді қабылдап, уақытынан бұрын өлесіз.

258

Мейлі, сіздің өміріңіз талпыныстардың ұзыннан ұзақ қатары болсын; лайым сіздің сәттіліктеріңіз бен сәтсіздіктеріңіз дәлел

болсын! Сенің не іздегенің мен нені дәлелдегеніңді олардың білгенін ғана қамда.

259

Өз еркінді бізге білдіріп, былай де: «Міне, тек осындай болғым келеді»; өз өзіңе жазалаудың заңын бекіт, біз соның орындаушылары боламыз!

260

«Бақытты болу үшін мен не істесем екен?» Мұны мен білмеймін, бірақ былай деймін: бақытты бол және сонда сенің неге зауқың соғады, соны істе.

261

Сіз соғыс жүргісез бе? Сіз өз көршіңізден қорқасыз ба? Олай болса, шекара сызықтарын жойыңыз және сонда сізде көршілер болмайды. Бірақ сіз соғысты қалайсыз, өйткені шекаралық сызықтарды өзіңіз сызып қойғансыз.

262

Сіздің ізгі амалыңыз сіздің тәніңізге жараспайды: сіздің қылықтарыңыз денеңіздің өзіңіз мақтанып жүрген кеселдерін айыптайды.

263

Сіздің барлығызда әлі мінез жоқ: сіздің оны ұрлап алғаныңыздан не пайда!

264

Кез келген ізгілік жүре келе жұғылған; кездейсоқ келген ізгі мінез жоқ. Әкелер жинаған...

265

Азаматтық және әскери ізгі амалдар бір бірін түсінбейді, сондықтан бірін бірі жақтырмайды.

266

Сіздер өмірге өте жарлы болып шықтыңыздар, сондықтан да үнемділікті ізгі қылық деп санайсыздар.

267

Қалайша?! Ізгі амал адамды үнсіз, қозғалмайтын, суық, тегіс етіп, оны кескінге, бағанаға айналдыруы тиіс пе?

268

Мен сіздердің ізгі қылықтарыңызды теріске шығарам ба? Мен сіздердің ізгіліктілеріңізді бекерге шығарамын.

269

Тобырдың таңғажайыпқа сенетіні тәрізді, лас кәрі-жас әйелдердің тазалыққа сенетіні тәрізді сен де ізгіліктерге сенесің.

270

Ізгіліктер мен жанқиярлықтың алдында – барлық құл-құтандар сияқты тізерлеп; әсіресе ұлы күнәсіз пәктіктің алдында; сен соған табынасың!

271

Мен сені іздедім, менің «менімнің» мекенін іздедім мен; бұл мен үшін ауыр зиярат болды.

Мен өзімнің ауыртпалығымды іздедім және, мен өзімнің өзімшілдігімді, адамның өзіне деген махаббатын таптым.

272

Бұл қасиетті өзімшілдік нені жақсы деп атайды дейсіз ғой, бұл «мен үшін жақсы»; ол әлсіздердің ізгі амалдарына қызғанышсыз қарайды.

Көптеген ізгі амалдардың қасынан ол сұлу әйелдердің қасынан өткендей өтеді: оның биік махаббаты мәртебелі ханымға арналып қойған; бірақ өтіп бара жатып, ол жек көріп қарамайды.

273

Тек өзімшілдік қана биігірек, ақылдырақ, талғамдырақ, озыңқырақ, тапқырлырақ болғанда, әлем менмендігінен арыла түседі.

274

Ұрылардың, тонаушылардың, өсімқорлардың, саудагерлердің өзімшілдігі, шын мәнінде, мейліншекүй талғамайтындай жұпыны: адамдарда олардың ақшасынан асқан пәс нәрсе бар ма екен.

275

Қылмыскердің қылмысы емес, қылмыс кезіндегі оның қорқақтығы мен аңғалдығы бізді оларға жек көрушілікпен қарауға мәжбүрлейді.

276

Қылмыскерді жазалаумен ақталатын ниеттермен оның қылмысын да ақтауға болады.

277

Кек қайтарумен бірге ризашылық білдіруді де ұмытуға болар еді, бірақ сүйіспеншілікті емес.

278

Азап тартқаның үшін біреуге есе қайтармай тұрып, жапа шеге алмайсың: шағымның өзінде кек қайтару бар.

279

Ахлақи ызаланғыш адамдардан сақтаныңыздар: оларда ашудың өзінің алдында бүркемеленетін, қорқақ бізгек бар.

280

Ахлақи ашу – кек қайтарудың ең опасыз түрі.

281

Махаббаттан жасалған нәрсе ахлақи емес, діни.

282

Сенің ізгі қылығың өзіңе жағымды болды: онда оны ізгілік емес, талғам деп ата: жақсы талғам осыны талап етеді!

283

Биязылық бізді рияға мәжбүрлеп, бізді қысады; еркін сөйлейікші: «Осы маған ұнайды... себеп-сарынында менің не ісім бар!»

284

Өзіміздің ізгі амалдарымыз үшін біз барынша қатаң жазаланамыз. Осыған қарап сен өзіңнің ізгілігің қайда екенін танып үйрен: қай тұста сен анағұрлым қатаң жазаланасың.

285

Сен осы ізгіліңмен өліп кетер едің, досым менің, бірақ көктен саған басқасы берілді, ол сені әрекідік алдыңғы ізгілікке адал қылмай тұрады.

286

Сіздің көздеріңіз бұдан былай тануды тоқтатқан тұсты емес, енді сіздің адалдығыңыз доғарылған жерді көрмейтін болады.

287

Сіздер онсыз да соқырсыздар, алайда сіздердің көздеріңізден мен одан да өткен соқырлыққа деген ерікті көрдім.

Өкінішке орай, сіздердің өз жалғандықтарыңызды қандай әдемі келешектің астына қойғандарыңызды мен білемін; алайда мен үшін сіздердің өтіріктеріңізден де жағымдысы өзінің өтірігін сезінетіннің өтірігі.

288

Танымдағы осы салауатты, нәзік, қатаң мағынадан сіздер өздеріңізге ізгілік жасап алудан үзілді-кесілді бас тартасыздар, ал ол көптеген ізгіліктердің гүлі еді; бірақ бұл мәннің өсіп шыққан «сен тиіссіңі» көзге көрінбейді: тамыр қашанда жердің астында болады.

289

Сырыңды аңғарт, қандай бір нәрсені, мысалы, мен әділ болғым келедіні» қатаң ұстан! Тек бір ғана күнә бар: қорқақтық.

290

Оның жаны кез келген әділдікте кектің әлі де болса қолданылатынына іштей қуанады, ал менің жаным кез келген кекте әділдіктің ұшқыны жоғалмағанына шаттанады.

291

Кім өзінің құштарлығын әділеттілік деп есептесе, онда ол өзінің ең азапты күйзелістерінде жеңілдік сезінеді.

292

Сөздің тура мағынасында әділ адамдар сатылмайды: олар барлығын қайтарып береді. Сондықтан да құштар адамдар оларды жек көреді.

293

Бергенді қалайтындар бар да, қайтарып беруді қалайтындар бар.

294

Әркімдікін өзіне беру – бұл әділдікке ұмтылуды және шашыраңқылыққа келуді білдірер еді.

295

Мейірімділік пен қайырымды ойлау қалпы деген міне мынау – бөтендердің әділетсіздігін өз иығыңа салу және екі есе ауырлықтан тұншығу.

297

Мен кінәлі болуым керек! Олай болса, менің барлық ізгіліктерім менің кінәмның алдында тізерлеп тұрсын!

298

Ол ізгілікке өзін жеңуге мұрсат берді және, енді оның барлық зұлымдықтары осы үшін одан кек қайтаруда.

299

Кешіре білмейтін адамдарды мен жек көрем.

300

Кешіре алатындай жағдайда болмас бұрын, басқаның нені бастан кешетінін толғану керек. Терең адамдарда барлық толғаныстар ұзаққа созылады.

301

Бір нәрсені жөндеу жеткіліксіз, өзінді өзің де жөндеуің керек, ең болмағанда шамалы ашудың көмегімен немесе шарапатты істің көмегімен өзіңнің де оңалғаның жөн.

302

Жұрт алдындағы барлық қылмыстық жазалаудың сорлылығы олардың тек сыртқы салдарлары үшін ғана мұндай әрекет жасамауға үйретуімен түсіндіріледі.

303

Өзірге жария жазалау мен масқаралау әрекеттің салдары деп саналып тұрғанда, істің нағыз табиғи салдарлары есепке алынбайды. Міне үлкен үстірттіліктің ұлы шалағай көзі.

304

Пайдакүнемдік пен әуестік өзара қатынасқа түсті; бұл неке өзімшілдік деп аталады; бұл бақытсыз одақ!

305

Танушыларда жалғандық адамсүйгіштікті білдіреді.

306

Үстірті адамдар болса, олар да үнемі өтірік сөйлеуі керек, өйткені олар мазмұнды білмейді.

307

Тәрибелеудің шын мәні «өтірік үшін тәрбиелеу».

308

Әуел баста өтірік ахлақи болды. Тобырдың пікірі артық саналды.

309

Шыншыл адам ақыры соңында өзінің үнемі өтірік сөйлегенін түсінеді.

310

Аңқау адамға қарау – мені сүйсінтеді, егер ол жаратылысынан ашушаң әрі зерделі болса.

311

Ахлаки нәрселердегі, сондай-ақ көркемдік саладағы түйсік мейлінше нәзік, дамыған, сарапшыл талғамды қажет етеді. Адамзат іс-әрекетінің көпшілігі, менің пікірімше, оларға қарауға арналмаған.

312

Егер сенің түрің бос адамның кейпінде болса, сен «Бос адамның түрін көрсетпе!» деп өзіңді зорлағаныңнан не пайда!

313

Кемел адам ешқандай ниетсіз пайда әкеледі, дәл сол сияқты ешқандай пиғылсыз зиян да келтіреді.

314

Әдеттен тыс нәрсені талап ететін ерік сирек кездеседі; сондайды істейтін ерікті табу одан оңайырақ.

315

Айбындылыққа ұмтылатын адамдар, әдетте, ашушаң болып келеді; бұл олардың өз-өздеріне шыдауының жалғыз құралы.

316

Өзіміздің ұнататын адамдарымызға залал жасау – міне, барып тұрған шалағайлық. Өзіңді барынша қамшылап зорықтыру мен өзіңді азаптау батырлық.

317

Батырлық – бұл мақсатқа ұмтылатын адамның ой жосығы, бірақ мақсат алдында ол өзін өзі есепке алмайды. Батырлық «өзін» жоюға деген ізгі ерік.

318

Батырлық мұратының қарама қарсы жағы тұтастықтың үйлесімді дамуының мұраты: әдемі әрі ұмтылысқа лайық қарама-қарсылық! Бірақ тек бұл – ізгі адамдар үшін мұрат!

319

Кімнің өзінің азаптануға ұмтылатын еркі болса, оның қатаңдыққа қатынасы басқаша болады: ол оны зиянды әрі жаман деп есептейді.

320

Кім өзін өзі тапқысы келсе, оған ұзақ уақыт өзін абыржып адасқанмын деп есептеуге тура келеді.

321

Бір нәрсені қалау және оған жету күшті мінездің белгісі болып саналады. Бірақ бір нәрсені қаламай, сонда да оған қол жеткізу – бұл өзін жазмыштың өзіндей сезінетін ең мықты адамдарға тән.

322

Кейде жалпы нұқсан кем болады, егерде кімде-кім өзінің қаһарын өзіне төккеннен гөрі, қызбалығын өзгелерге көрсетсе; бұл пайдасы төңіректі түгел қамтитын шығармашыл адамдарға қатысты.

323

Өзімізді жақсы көретін кісіні өзінің алдында да және біздің алдымызда да ұят көрінетін қандай да бір нәрсеге азғыру – міне, бұл қатал адамның ең қатаң қылығы.

324

Сезімнен ада адамның қатаңдығы аяугершіліктің қарама қарсы жағы; сезімдерге бөленген адамның қатаңдығы аяушылықтың жоғарғы қауқарын байқатады.

325

Қатаңдық түрі өзгерген және мейлінше руханилығы басым сезімталдықты білдіреді.

326

Қараңғыда уақыт жарықтағыдан басқаша сезіледі.

327

Аяугершіл немесе қатал болудың екеуінің біріне жету үшін рақымшыл да, қатаң да болуың керек.

328

Мен кеуіп қалған қатыгез қабықты жамылған аяугершілікті ұнатамын: соның салдарынан тісіңді сындырып алатын аяугершілікті ұнатам мен.

329

Сіздердің аяугершіліктеріңізді мен былай болжаймын: аяушылықсыз болу – демек, тәніңмен де, рухыңмен де кесел болу. Бірақ аяугершіл болудың мүмкіндігін еншілеу үшін рухтың көптігі керек! Ал сіздердің аяушылықтарыңыз өздеріңізге де, барлық басқаларға да зиян.

330

Аяугершілікті табынушылыққа айналдыру оны өз тәжірибесінде бастан өткізбеген адамдарға жағымды болып келеді.

331

Ізгі адамның жарқыратып көрсететін ең әсем бояулары осы ізгіліктерден жұрдай адамдардың ойлап шығарғаны ғана. Мысалы, қайырымдылық пен аяугершіліктің барқыт жылтыры қайдан шыққан? Әрине, оны қайырымды да аянымпаз адамдар жасап шығарған жоқ.

332

Ән шағын, бірақ оны сала алатындар үшін үлкен жұбаныш: ия, шындығында, ол жақсы сайрайтын бұлбұл құс болуы керек.

333

Жүректің ұлы жұбанышы – енді құрметтей алмайтын тұста жек көру; бірақ мен өзімді осылайша жұбатудан қалдым.

334

Жек көруге қарағанда құрметтеуде әділетсіздік анағұрлым көбірек.

335

Батпақты басып кетпеуі үшін өз аяқтарыңа деген аяугершілік болсын; дәл сол сияқты өз досын сатып кеткенді аяғыңмен таптама.

336

Ол маған әділетсіздік танытты – бұл жаман. Егер ол өзінің осы әділетсіздігі үшін тағы кешірім сұраса – бұл ессіздік!

337

Тағы өтірік айту не үшін қажет, мен түсінбеймін! Әлдекімге залал келтіргің келсе, ол туралы тек шындықты айтсаң жеткілікті.

338

Алтын заман – тәкаппарлықты зұлымдық бастауы деп санаған кезең!

339

Адамға деген өзінің өшпенділігінен өзін моральдық тұрғыдан көтермелейді – және, соның барысында өзіне таңданады; ал өзінің жек көрушілігінен шаршағанда кешірім жасайды – және тағы таң қалады.

340

Досыңды кешіргеннен жауыңды кешірген оңай.

341

Барлық азаптанушыларға мынаны ойлануға кеңес берер едім: олардың кекшілдігі осы шектен шығушылыққа дейін әкелген жоқ па екен.

342

Мен алдында осыны қалап едім, осылай мен мұны кейін де қалауға тура келеді, - барлығын мен «түзетуім» керек.

343

Егер халық тіпті артқа кетіп бара жатса да, ол бәрібір мұратқа ұмтылады: демек, ол әлі де «алғаға» сенеді.

344

Кімге өтірік айтудың қажеттілігі болмаса, ол жалған сөйлемейтінімен бәлденеді.

345

Өзімшілдіктің бейкүнәлігі балаға тән және егерде сіз балалар сияқты бола алмасаңыз, сіз бұл аспан патшалығына ене алмайсыз.

346

Әкесі баласына, тіпті ең жақсы баласына қарсыласуға тура келмей ме? Өзіне құқық алған кез келген адам сүйіспеншілікпен бұл құқықты тіпті өзінің ұлына да бермейді.

347

Ит бағыныштығын сүйіспеншілікпен өтейді. Мысық күшті әуейлікпен сезіне отырып, өзінен өзі ләззат табады: ол қайтарып беруді білмейді.

348

Мысықтан сақтаныңыз: онда ешқашан қайтарым болмайды, ол ешқашан тілеулес болмайды... ол қарсы алады да ырылдайды.

349

Себеп пен салдарға сену түйсіктердің ішіндегі ең күштісі – кек қайтару инстинктіңде тамырланған.

350

Егер бізге біреу ыңғайлы боп көрінсе, біз бұл жағдайға оның ахлағын таңамыз.

351

Өз ақымақтығының жағымсыз салдарлары үшін өз мінезінді емес, нақты өзіңнің ақымақтығыңды жауапты ету – адамдардың көпшілігінде бола бермейтін мінездің көбірек қажеттілігі талап етіледі.

352

Адамдар қорқынышты іске қабілетті және оған қабілетсіз деп екіге бөлінеді.

353

«Салмақты», «қатал», «өнегелі» - сіздер оны солай атайсыздар. Ал маған ол өз өзіне әділетсіз әрі залым адам болып көрінеді, үнемі бізді осы үшін жазалауға және біздің жеңдетіміздің рөлін атқаруға дайын... және мұны орындауға біз мүмкіндік бермегеніміз үшін бізге ренжулі жүретін адам.

354

Ол түптің түбінде өзінің ізгіліктерінің жұлдыздары жарқырағанын қалар еді: осы үшін ол өзінің рухын тұнжыратты және өзіне түннің жаңа бүркемесін жамылды.

355

Кім өзгелер туралы өзінің пікірінде өте қатаң болса, мен оны жаман деп есептеймін» - мен Демосфенмен осылай сөйлесем.

356

Сен жұрттың өзінді амалдарың бойынша емес, ниеттерің бойынша пікір түйгенін қалайсың ба? Бірақ сенің ниет-пиғылдарың қайдан туындайды? Амал-әрекеттеріңнен емес пе?

357

Жалғыздық бізді өз өзімізге қатаңырақ етеді және адамдарды аңсайтын етеді: екеуінде де мінезді жетілдіре түседі.

358

Ерік... Бұл маған енді ештеңе түсіндірмейтін айғақ. Танушыда ешқандай ынта жоқ.

359

Ерік пайда болысымен, сезім еркіндіктің әсерін алады. Сезім – бұл азаптану; ерік туындаған сәттен-ақ сезім қимылсыз қалады да, құсалық байқалмайды. Міне осыны еркін ерік деп атайды.

360

Кім еріктің еркінсіздігін сезсе, онда оның рухы кесел; оны теріске шығарған ақымақ.

361

Ұмытудың бар екені әлі дәлелденбеген: біз бір нәрсені білеміз – біз оны қалаған кезде бізге ол жиі келе қоймайды.

362

Адам – өзінің қоғалыстарында барлық басқа күштерге, тұтастықтың бөлінуі мен өзгеруіне барынша тәуелді атомдардың тобы; және, екінші жағынан, әрбір жекелеген атом тәрізді адам түпсіз тұнғыық және өзі өзі үшін өзінше өмір сүреді.

363

Мен қайда барып көтерілсем де. Барлық жерде артымның менің итім еріп жүреді, оның аты «мен».

364

Сен айтасың: «мен өзімді сүйем», «мен өзімді жек көрем», «менің өзіме жаным ашиды» деп – менің сендегі «менінде» таласым жоқ, бірақ бұл сенің «өзің», «өздігін» - әшейін қиял! Сен оны бекерге шығаруың керек.

365

Мұндай «мен» мен «өзім» - екі әртүрлі тұлғалар.

366

Мен тек бір мезгілде жалқы да көп болатын, өзгеретін де өмірін жалғастыратын, танитын, сезетін, қалайтын жан иесін ғана түсінемін; бұл жан иесі менің негізгі айғағым.

367

Біз өзімізді тек күйзелістердің үйіндісі ретінде ғана ұғынамыз; және, тіпті сезімдік қабылдауларымыз бен ойларымыз қызбалықтарымызды ашуға тиесілі.

368

Сағаттар біздің жүректеріміздің үстінен байқаусыз сырғып өтуде.

369

Мен тағдыр кенінен шыққан металмын: әркезде сіздер «тағдыр» деген сөзді айтқанда мен өзімді осылай сезінемін.

370

Менің ойларым – бояулар, менің бояуларым – өлеңдер.

371

Өлімнен мереке жасау керек, ең болмағанда, өмір деп аталатын бізді тастап кеткісі келетін әйелге деген ашу-ызадан!

372

Біздің өзін өзі өлтірушілеріміз өз өзіне қол жұмсаудың даңқын қашырды.

373

Құштарлық, сіздер үйреткендей, «қанағаттануды» қалай ма? Ол өз өзінен азат болуды және әлемді игеруді қалай ма? Қай кезде болмасын, ерік ұмтылыс болудан қалды ма?

Құштарлықтың мәні оның жасампаздығымен сипатталады. Және егер ол бір сәтке қалғып кетсе, онда оның тек ұйқысы қанады да... тағы оянады.

374

Шынымен де ұйқы өлімге ұқсай ма? Және кім ұйқыда болса, ол әбден қалжыраған ба? Ең қызу жанды адамның өзі қорылдай алады.

Сіздер еріктің жаратылысының өңін теріс айналдырып жібердіңіздер, оны оның өзіне қарсы бағыттадыңыздар – және үнемі шаршаған ұят пен ұйқыдағының қорылын жалған түсіндіресіздер.

375

Өмірден қорықпас үшін өлімді өздеріне жақын ұстайтындар бар.

376

Ауру сау көрінуге ұқсаудың ебедейсіз талпынысы: рухты табиғатқа көмекке әкелейік.

377

Барлық дерлік әрбір тірі жанда паразит тоғышар отыр.

378

«Адамдар мүлдем жоқ, өйткені бірінші адам болған жоқ» деп түйіндейді жан-жануарлар.

379

Ешқашан иелену мүмкін емес, өйткені ешқашан болуға болмайды: үнемі тауып аласың да жоғалтасың.

380

Мұнда менің еркім тұр: тіпті менің тәппарлығымның тасқыны да соған соғып шағылады.

381

Күресте, шындығына келгенде, өмірін береді; алайда жеңімпаз өмірді тастап кетуге дайын болды ғой: өйткені әрбір жеңісте өмірді жек көрушілік бар.

382

Біздің кемшіліктеріміз – біздің ең жақсы ұстаздарымыз. Бірақ әдетте жақсы ұстаздарға қашанда наразылық болады.

383

Күш ретінде түсінуге тұратын қатаңдық болады.

384

Нәрселерге деген, мейлі ол жоғары нәрсе болсын, үнемі жалындап құлшыну шартсыз сенімге негізделген барлық нәрселер секілді рухани асылтектіліктің жетіспеушілігі екендігін аңғарады, оның белгісі қашанда сол баяғы... суық көзқарас.

385

Жүрек жігерлендіреді; қауіп-қатер кезінде рух қайсар да байсалды қылады.

386

Мен қашан дауылды күнгі теңізді, ал оның төбесінде жарқыраған ашық аспанды көргелі бері, найзағайдан басқа жарықты білмейтін құштарлықтың бұлтымен тұмшаланып, күн көзінен айрылғандарды көргім келмейді.

387

Қызғаныш осындай рухани құштарлық және, дегенмен де, үлкен ақымақтық.

388

Әрбір сарыла күту өзінің орындалуын бастан өткізеді, егер ол күткен кезден ерте келсе.

389

Біз сенімсіздікке сылтау тапқан кезде секемшіл болмаймыз, бірақ біз егер секемшілге айналсақ, «біз сенімсіздікке сылтау табамыз».

390

Кенеттен үрейленген етіп таныстыру қажет болған жағдайда шошынатындар бар.

391

Көптеген мезеттік бақыттар бізге көптеген мезеттік бақытсыздықтар әкеледі және сонысымен мінезді бұзады.

392

Мезеттік бақыттарды сырқаттың жазылып шығу үшін төсекті қолданғаны сияқты пайдалану қажет... одан артық ештеңе де емес.

393

Өмірге деген құштарлық ұзақ өмірге деген құштарлықтың қарама қарсы жағы десе де болады. Кез келген іңкәрлік бір сәт туралы және мәңгілік туралы ойлайды, алайда бірде-бір құштарлық ешқашан ұзақ немесе қысқа «мерзімділік» туралы ойламайды.

394

Теек көптің аузындағыға сенбегендіктен ғана көп нәрсеге сене бермейтіндер бар.

395

Денсаулық үшін ас қорыту барысында бір жалқаулық аңғарылады. Дәл осындай нәрсе өзіміздің басымыздан өткенді күйсегенде де орын алады.

396

Тартылыс күшінің бағытына тек бір адам қарсыласады: оның үнемі құлағысы келеді... бірақ жоғарыға қарай.

397

Ұлылыққа ұмтылған біреу қай кезде болмасын опасыздыққа оралады. Жақсы деген адамдар ұсақталуға да ұрынады.

398

Айбындылықтың ойынпаздары, егер олар өздерінің әртістігін ұғынбаса, шындығында ұлы адамдардың әсерін береді және кейбір артықшылыққа, атап айтқанда, жарқылға ие болады.

399

Ең күшті адамдардың ұлы ойынпаздар болғандығын тануға келгенде адамзаттың көзқарасы осы күнге дейін өткір болған емес.

400

Қоңыр қозыдай момақан жанды және қыз-қырқынның қиялшылдығын мен ұнатам ба? Мен арыстандарды және махаббат пен күштің алыптарын жақсы көрем.

401

«Асқақ сезімдер!» Жоғарыға шыққанда өзіңді биік сезінбейсің, егер шындығында биіктіктің пәктігін білсең, өзіңді терең және, ақырында нық тұрғаныңды сезінесің.

402

Өзінің заманы кімге дұшпандық танытса, демек ол одан әлі алыс кете қоймаған... немесе артта қалып қойған.

403

Өз жандарыңды сергек, салқын әрі қатаң ұстандар! Сезімдердің жылы ауасынан аулақ! Аяушылықтың қапырық, тымырсық ауасынан қашыңдар!

404

Сен өзіңнің «өлімнен кейінгі өміріңе» сенесің бе? Онда өз өміріңнің кезінде өлі болуды үйрен.

405

Екінші мәрте өлгенге дейін көп уақыт өтеді: бұл өз өлімінен кейін тірілген әрбіріңе қатысты.

406

Көп нәрсені бастан кешу, көп өткенді бастан өткізу, бір тұтастық түрінде көптеген өзің мен өзгені бастан кешу – міне осы ұлы адамдарды жасайды; мен оларды «жиынтықтар» деп атаймын.

407

Аянышты алыптардың қалай опат болғанын көріп тұрып, әлі күле алатын жағдайда болу, оларды түсінуден және оларға деген аяушылық сезімінен алыс болу – міне, осы құдіретті!

408

Актерлерді құрметтендер де олардың ішінен ең мықтыларын іздендер және тек сахнадан ғана емес!

409

Асқақтықтың адамы асқақтықты көргенде еркін, тәкапбар, байсалды да көңілді болып кетеді; бірақ кемел сұлулықтың кейпі оны толқытып, шайқалтын жібереді: оның алдында ол өз-өзін терістейді.

410

Кім асқақтықта өзін үйіндегідей сезінбесе, онда ол асқақтықты әдеттен тыс және жалған деп сезінеді.

411

Өз тұлғаларының барлығына қатысты әркімді де «иә» және «жоқ» деуге мәжбүрлегенді қалайтын адамдар бар: Руссо осындай. Олардың өздерін зор санаушылықпен ауруы өздеріне деген сенімсіздіктен туындайды.

412

Тәннің ұзақ та күшті кеселдері озбырды туғызады.

413

«Махаббатқа лайықты» адамдар бізге махаббаттың ұсақ тиындарымен есе қайтарады.

414

Сіздер, арманшылдар, өздеріңізді жақсы матадан жасалғандай сезінесіздер ме? Ондай жағдайда сіздер тек киім-кешектің мәнісін

Өлім өтіндегі ой орамдары («Заратустра» кезендерінен)

ғана білмеулеріңіз керек. Сіздер өз материалыңызды да жақсы кейпінде ұсына білуіңіз қажет!

415

Мына екеуі де, шын мәнінде, бірдей нашар талғамға ие. Бірақ оның біреуі өзінің талғамы ең жақсысы дегенге бізді де, өзін де сендіргісі келеді. Екіншісі өз талғамынан қысылады да, біздікінен басқа, бірақ жақсы талғамға ие екендігіне бізді де, өзін де сендіргісі келеді. Барлық білімді тоғышарлар адамдардың осы екі категориясының біріне жатады.

416

«Мен бұл тұста ештеңе де сезбеймін!», «Мен бұл салада ештеңе білмеймін!» деп айтуға ұялатын білімдісімақ тобыр жиіркенішті.

417

Актерлардың әділет күтуге уақыттары жоқ. Көп жағдайда, төзімсіздерге қараған шақта, бұлар әртістер емес пе деген ойға қаламын.

418

Мына екеуін шатастыруға болмайды: әртістер өздерін мақтамағаннан жоғалып кетеді; адал адамдар өздерін сүймегеннен жоғалып кетеді.

419

Мына алдыңғылары халықты ессіз әрі ауқатты қылады да, ернеуінен асқанда – олар озбыр билеушіге қызмет етеді, алы кейінгілері озбыр ысырапшылыққа ұрынғанда – халыққа қызмет етеді.

420

Кейбіреулер өз жүректерін басын жоғалтқанға дейін таба қоймайды.

421

Мына бір адамда оның сырты емес, оның іші жалған: ол өзі шын мәнінде солай болғанына қарамастан, сырт көзге қуыс кеуде боп көрінгісі келмейді.

422

Жылы сезімге деген қажеттілікті кейбір суық адамдарда болатын жылы сезімге деген мұқтаждықпен шатастыруға болмайды.

423

Қуақы адамдар әдетте күрделі емес, қарапайым кісілер болып келеді.

424

Мынадан қорқындар: ол кейін тыңдайтын жағдайда болу үшін ғана сөйлейді; және сен де үздіксіз сөйлей берудің әдепсіздік болатыны үшін ғана тыңдайсың, яғни сен ыңғайсыз жағдайда қаласың да, ол тек жақсы жағндайда ғана болады.

425

Барлық осы алдын ала сақтандырушылардан оның ығыры шықты –енді ол олардан алдын ала сақтану үшін өзінің құрдымына қарай қашты.

426

Сондай-ақ, өз қалауларын (қоректену, әйелді, меншікті, абыройды, күшті қалауын) қанағаттандыруда да көптеген адамдар тұлға сияқты емес, ...тіпті олартұлға болғанның өзінде де, тобырдағы мал сияқты әрекет қылады.

427

Салқынқанды, бейтарап, ақымақтықтарына сенгілері келмейтін ызесепшілік көреді.

428

Адамнан біз нені танысақ, оның бойынан соны қоздырамыз: кім адамның тек төмен сипаттарын көрсе, сол оны осыларға қарай итермелейді және оларды көрсетуге мәжбүрлейді. Сенің жақындарыңның саған қарсы көрсеткен мінездері сенің танымыңның түсіндірмесі ғана.

429

Басқа тіршіліктің ешқандай мәні жоқ, тек өзге тіршілікті ұмыт қалдыру керек деген мағынада ғана болмаса. Дәл сол сияқты, мән-мағынадан жұрдай амал-әрекеттер болады.

430

Көзге көрінбейтін жіптер күштірек байлап матайды.

431

Біз шаршаған кездері, бізді баяғыда жеңілген ұғымдар шабуылдайды.

432

Біздің іліміміз де, біздің ұқыптылығымыз да біздің дарындылығымыздың ісі.

433

Егер саған қараңғылықта болудың бақыты бұйырса, өзіңмен бірге қараңғылықтың беретін еркіндігін, оның ішінде «сыбырласып шүйіркелесу» еркіндігін де ала кет.

434

Ол өзіне өзі еліктейді... бұл оның екінші балалығы.

435

Махаббаттың жұтаңдығы махаббатқа лайық нәрсенің жоқтығы шекпенін қуана жамылады.

436

Өздерінің ұнататындарына қарсылас бола алмайтын барлық адамдарды мен залалды адаамдар деп есептеймін: сонысымен олар ең жақсы нәрселер мен жақсы келбетті құртады.

437

Өздеріне сене қоймайтын адамдар біреуді сүйгеннен гөрі, өздері сүйкімді болуды қалайды, ең болмаса бір рет, бір минутқа болса да өздеріне сену үшін.

438

«Менің махаббатым қорқынышты оятады: ол сондай талапшыл! Мен сенбей тұрып, сүйе алмаймын; менің сүйетін адамым мәңгі өлмейтін нәрсе жасауға бейім болуы керек. Және ол менің неге сенетінімді, нені... талап ететінімді түйсінеді.

439

Ең терең махаббат – өзінің атын білмейтін және «Менің атым жек көру емес пе?» деп сұрайтын махаббат.

440

Махаббат кейде сіріңке тұтатқанда шығатын жалын сияқты қызғаныштан бұрқ ете қалады.

441

Біздің шалған құрбандықтарымыз тек біздің сүйетінімізбен салыстырғанда барлық қалған нәрсені біздің аз бағалайтынымызды ғана дәлелдейді.

442

Ұлы махаббат сауап пен сыйақы талап етпейді: ұлы махаббаттың теңізінде кез келген қайтарым суға батып кетеді.

443

«Неге сүюге тура келген нәрсені үнемі жек көруге де тура келеді? Сүйіспеншілік деген барлық азаптардың ішіндегі ең үлкені емес пе екен?» Бұл тұста адамға өзінен биік тұруға тура келеді.

444

Шүбәсіз махаббаттың талабы болады – ынтықтықты елемеу: сонда ол өз өзіне қарсы келіп қалады және өзін өзі құрбан етуден, ақырында өзін өзі жою қалауы пайда болады: «Осы теңізге тұншығып өл!» деген.

445

Біз бәрінен бұрын өзіміздің сүйікті болуымызға бөгет болатын нәрсені емес, сүюге кедергі болатын нәрсені жек көреміз.

446

«Мен ашулымын, демек, сенікі дұрыс емес» - сүюші осылай ойлайды.

447

Терең жеке көрушілік – бұл да идеализм: біз мұндай адамға өте көп құрмет көрсетіп жүрміз.

448

Жек көрушіліктің өзінде де қызғаныш бар: біз өз жауымызды тек өзіміз үшін деп иеленеміз.

449

Жау табу – адамның ежелгі әдеті, демек, оның ең күшті қажеттілігі де.

450

Жеңіспен масаттанудан кейін әрқашан бір үлкен нәрсені жоғалтудың сезімі келеді: біздің жауымыз, біздің дұшпанымыз

өліп қалды! Тіпті досымыздан айрылғанда да біз жауымызды жоғалтқандай терең өкінбейміз.

451

Егер сен қорқыныш сезімін тудыра алмасаң, ешкім саған ақырында сүйіп кететіндей салмақты назар аудармайды.

452

Кім бізді рухтандырмаса, онда ол, әрине, бізге бейтарап қатынаста болады.

453

Адамдар арасындағы барлық қатынастардағы іс үнемі тек ұрықтандырудың айналасында болады.

454

Кімнің адамдарға қатысты адал ниеті болса, ол тіпті өзінің сұпайылығында да сараңдық танытады.

455

Сен адамға қатысты аштық сезімін бастан кешкеннің өзінде, ең алдымен, жарамды келген азықты, мысалы, құнарлы болмаса да, кәртөшке тәрізді азықты іздейсің.

456

Біз ояу сергек қалпымызда ұйқыдағы тәрізді әрекет етпейміз бе? Қашанда, ісіміз болған адамның бейнесін сомдап, ойлап бітісімен-ақ... бір минут өтер-өтпестен біз мұны ұмытамыз.

457

Өз өзіңді танымау ұмтылысында қарапайым ақыл иелері де нәзік талғамды болып келеді.

458

«Өте бай адамды мен мына әрекетінен танымын: ол өзінен алып жатқан адамға ризашылық білдіреді!»

459

Егер жүз адам бірлесіп қимылдаса, онда оның әрқайсысы өз ақылын жоғалтып, басқаныкін алады.

460

Егер де бір ісің өнбей жатса, онда көмекшіңе берген жәрдемі үшін екі есе төлеуің керек.

461

Біздің пайдамызға қарай екеуіміздің де алатын нәрсеміз бар: сенде ынтықтық, менде дәйектер бар кезде... таласқан қандай жақсы.

462

Қандай адамдарға сендің сен? Олардың жиынтығы саған өзіңе деген сенімді береді.

463

Кез келген таңырқауда қорқыныштың үлесі мен өз өзіңнен қашу – кейде тіпті өз өзіңді терістеу бар.

464

Көп жағдайда біз өз өзімізден гөрі, өзгелерге шынайы боп келеміз.

465

Егер біз бір адамнан азат болғымыз келсе, онда біз оның алдында өзімізді төмендетсек болды; бұл оның даңғойлығына сол сәтте-ақ әсерін тигізіп, ол аулаққа қаша жөнеледі.

466

Ол мұны өз партиясына қатысты адалдық деп атайды, ал шындығында бұл оны өз төсегінен тұруға бөгет болатын оның жалқаулығы ғана.

467

«Дүниедегінің барлығы да маған ұнамайды, бірақ бәрінен бұрын өзімнің барлығына ұнамайтынымды жақтырмаймын!» Сондықтан да ол болашақ туралы сөйлейді.

468

Оның қолына емес, ойына түсіп қалу – міне осы мен үшін бәрінен жаманы.

469

Егер де біреу бір нәрсе жасап немесе бір нәрсемен азаптанып жүрсе, оның осы жасағанын және азаптанып жүргенін түсіңде көре алатындай болып қандай да бір адаммен жақындасуға болады: өйткені өзіңе де осыны жасауға немесе сонымен азаптануға болады.

470

Біздің кенеттен жарып шыққан өз өзімізге деген жиіркенішіміз не нәзік талғамның не бұзылған талғамның нәтижесі болуы мүмкін.

471

Әрқилы адамдармен үйлесу үшін үнемі жаттыға жүріп, біз бейсаналы түрде өз өзімізбен үйлесуге жаттығамыз: бұл адам баласының ең қиын жұмысы.

472

Ең улы жебелер зәбір көрсетпей досынан бөлектенгеннің соңына қарай тартылады.

473

Араздықтан соң. —«Мені күйзелту үшін не айтқысы келсе, соны айта берсін: мені бәрінен бұрын не күйзелтетінін біле қоятындай, оның мен туралы білетіні таяз».

474

Мен адамдарды ең ұнататын тұсым, менің осы әуестікке қарсы болатын кезім.

475

Кішіпейілдік танытуда адамдарға деген жек көрушілік көп: бірақ онда өшпенділік те, сүйіспеншілік те жоқ.

476

Басқа адамдарды білгеннің арқасында барған сайын өз-өзіңе тұйықтала түсесің.

477

Мен өзімді қазымыр да жасқаншақ махаббатпен сүйемін және кейде ойлаймын: мен өзіме сыйлаған осы махаббатымнан анағұрлым жақсы махаббатқа лайықтымын.

478

Сіздер мұның жақсы емес, өте жақсы болғанын қалайсыздар. Бұл – сіздердің ақымақтықтарыңыз.

479

Кім өзін жасырмаса, онда асқақтатады.

480

Қалай және нені құрметтейтініне қарап, өзін де сондай қашықтыққа қояды.

481

Тек табанды адам ғана өзі туралы айтпайды.

482

Ол мызғымайды: және ол егер шағымданса, ол мұны өзіне емес, сізге деген кішіпейілдіктен жасайды.

483

Ол әндетеді: ол құс өзінің бақытсыздығынан ұшып кетті ме екен, бәлкім? Бақытсыздар үндемейді емес пе!

484

Менің бақытым өзімді басқа да тіршілік иелерімен қатар өзімнен төмен көрген сәттен басталады.

485

Мұз құрсаулы денеде тәтті де уытты шараптың асыл тамшысы тасаланған: міне менің бақытым!

486

Маған өмір сүріп, опасыз бақыт пен өгей шеше-табиғатты балағаттау қажет пе?

487

Қажетті бол! Жарық бол! Әсем бол! Салауатты болды! Біреу құсты оның ұшқан сәтінде жақсы көреді, ал ол тек таң шапағы мен теңіздерге қарайды.

488

Бізді тағдыр өзіне бағындырып алғанша, оны балдырған тәрізді қолынан жетелеп, дүрелеп қою керек; ал егер ол бізді бағындырса, оны сүйеге тырысуымыз керек.

489

«Бөгде біреу өзінен қажыды және, дәл осы мезетте, оны әуел бастан күткен бақыт алғаш рет есік ашып кірді».

490

Енді менің үмітім еренуіне дейін толды: ол дәмеленуді тоқтатты.

491

Қалауды, тек қалауды ғана қалаймын мен: және орындалудың орнына жаңа қалауды қалаймын.

492

Қалаудың кейпінде болу, алыс жағалауларға қарай самғаған құс болу, - міне менің бақытым!

493

Біздің кие алатын ең жақсы бетпердеміз, бұл – біздің өз бет-бейнеміз.

494

Мені сүйе алатындай бірде бір тірі адам жоқ: мен қалай өмірді сүюім керек!

495

Біртегіс әрі қатаң болу үшін тығыздықтың арасынан өтуің керек, бірақ оның барысында өз жалғыздығыңды жоғалтпауың керек.

496

Енді маған ешкім келмейді. Және менің өзім де... мен барлығына да бардым, бірақ ешкім таппадым.

497

Енді ғана мен жалғызбын: мен адамдарды қаладым, мен адамдарды іздедім – бірақ үнемі тек өзімді таптым... ал енді мен өзімді де қаламаймын.

498

Тым жалғызілікті үшін шудың өзі жұбаныш болады.

499

Терең сенімсіздікке толы, жалғыздықтың мүгі басқан, күшті еркі бар, томаға-тұйық, барлық әуейіліктің жауы...

500

Адамдарды емес, «адамды» жақсы көреді жалғызілікті; егерде адамға деген бұл махаббат шектен тыс толып қалса, ол кез келген адамды, мейлі ол дос болсын, дұшпан болсын, барлығын да бөктеріп алған тасқын тәрізді бұзып-жара ағады.

501

Не үшін сонша жоламайсыз? Мен енді өзім бағына алатындай ешкімді де, мен бұйрық бере алатындай да ешкімді таба алмаймын.

502

Мен адамдарға жақындаудан қашпаймын: дәл осы алшақтық, адамның адамнан жырақтығы мені жалғыздыққа қарай қуады.

503

Талғам емес, аштық сіздер үшін сұлулық болсын; сұлулық сіз үшін аңсау болсын – онсыз мен сізді қаламаймын.

504

Егер де ән-күйдің құдай-анасы дыбыспен емес, сөзбен сөйлесе, онда барлығы құлақтарын бітер еді.

505

Біздің көздеріміз құлақтарымыздан жақсы естиді: тыңдағаннан гөрі, оқып отырып біз мағына мен талғамды жақсырақ түсінеміз; және бұл кітаптарда да, музыкада да солай.

506

Сіз дыбыс пен құлақтың не екендігін айттыңыз. Бірақ мұнда дыбыс суреткерлерінің қандай шаруасы бар? Сіз осымен музыканы түсіндірдіңіз бе әлде терістедіңіз бе?

507

Олар өздерінің жек көрушілігі мен құтыруына тойынып бітті, енді олардың бос қалған жолдарында жарқылдаған көздер қарап тұрып, оларға былай дейді: «Неге сүйіп көрмеске, ақырында!» Махаббаттың осындай тәтті долданушылығы да болады.

508

«Мен айтамын, өйткені мен көрдім. Енді мен ауыз болуым керек, өйткені соңғы кездері мен көз бен бейкүнә айна болдым. Суреткер осылай дейді.

509

Мен туралы айттың ба сен немесе өзің туралы ма? Бірақ, сен мені немесе өзінді саттың ба, бәрібір опасызсың сен, ақын!

510

Сен өз басыңнан өткізгеніңе шімірікпей қарадың; сен өз тәжірибенді тонадың, өзіңнің анағұрлым сүйіктілерінді арсыз көзқарастарға саттың, ішіп түгесілген барлық құрғақ ыдыстарға өз қаныңды құйдың, сен, әбігершіл адам!..

511

Ауа-райы бұзыла бастағанда өз шешімдеріңді ұйқыға жатқыз.

512

Біздің талғамымызға сай келетін нәрсені біз мақтаймыз, яғни мақтай отырып, өз талғамымызды мадақтаймыз; бұл жақсы талғамға қайшы емес пе?

513

Сен айтасың «Бұл маған ұнайды» деп – және осымен мені мақтағың келеді. Бірақ сен маған ұнамайсың!..

514

Формада сенім, мазмұнда сенімсіздік – міне, нақыл сөздің сүйкімді көркін құрайтын нәрсе осы, ахлақи қарама-қайшылық.

515

Еріксіз еліктіретін шығарма! Бірақ оның шығарушысы бұл оның туындысы екенін үнемі еске сала беруі мән-мағынасыз емес пе! Қалайша ол «әкенің» қашанда күлкілі кейіпкер екендігін түсінбейді?

516

Ана қадір тұтуға лайық. Әке – қашанда кездейсоқтық.

517

Ол сөзбен нақты білдіруді үйренді, бірақ содан бері оған сенбейді. Тек былдырлағандарға сенеді.

518

Біз өзіміз жұмыс істеп отырған кітаптан артық бізді көп нәрсеге үйрететін басқа кітапты табу мүмкін емес.

519

Мені сүйеген нәрсе не? Қандай да бір жаңа нәрсе туады деген күту ғана. Және қай кезде де ол туылған шақта менің өмірім қыл үстінде тұрды.

520

Жазу және барлық жазылғандардың енді қандай күші бар деп сұрамау мейлінше үстірт болар еді!

521

Тілде сөздің өзінен гөрі сөздердің бірнеше қатарларынан естілетін үннің сарыны, екпіні, ырғағы, құйқылжуы, қарқыны анағұрлым түсінікті болады, қысқаша айтқанда: сөздің астарындағы саз, саздың тасасындағы іңкәрлік; іңкәрліктің артындағы тұлға, яғни жазыла алмайтын нәрсенің бәрі. Демек, жазушылық ештеңені білдірмейді.

522

Өмір туралы ойлау демалыс болуы тиіс: басқа жағдайда тек міндеттер туралы ойлануға тура келеді.

523

Әйелдер еркектерге қарағанда сезімтал, бірақ олар өз сезімталдығы жөнінде аз біледі.

524

Жүректің мұқтаждықтары. Жануарлар күйлеген кезінде өз жүректері мен өз әуейліктерін, адамдар, әсіресе, әйелдер сияқты оңай араластыра алмайды.

525

Күз басталады, егін ору науқаны, ал одан кейін жұмыс жоқ боп, ымырт түседі; енді міне, мен сіздердің үстеріңізден құс болып, алыс жақтарға, оңтүстікке қарай ұшамын. Сендердің күздеріңе қарап, мен қыс пен мұздай кедейлікті болжаймын.

526

Әйел адам болашақта оған бағынатын және қызмет етуге тура келетінін сезінген жерде ғана сүйеге тырысады.

527

Әйелдердегі музыка – сезімталдықтың формасы.

528

Заманауи музыкада дін мен сезімталдықтың бірлігі естіледі: сондықтан қазір саз әлемінде әйелдер бұрынғыдан ерекше көп.

529

Онымен махаббат тіл қатысқанда сезімталдықтың бүкіл талғамнан айырылып қалатынына қайран қаласың: сол кезде ол ұсқынсыздың өзін әдемі деп атай бастайды.

530

Махаббаттан еркек шартсыз күнді, ал әйел шартсыз құлдықты іздейді. Махаббат өткен мәдениетке және өткен қоғамға – шығысқа қарай оралады.

531

Міндетті қызметке айналуы қалау – махаббаттың әйелдерге тән мұраты. Еркектің мұраты – сіңіріп алу және игеру немесе аяушылық таныту (азаптанушы кумирге табыну).

532

Өзара махаббатқа деген мұқтаждық – махаббаттың емес, тәкапбарлық пен сезімталдықтың талабы.

533

Сүюді қалау адамның өз өзінен тойынып, өзін жалықтырғанынан хабар береді; сүйікті болуды қалау адамның өзін өзі қалауы мен іздеуін білдіреді. Сүюші өзін басқаға сыйға тартады; сүйікті болуды қалаушы өзіне сыйлыққа өз өзін алуды қалайды.

534

Толқындар мен от-жалын, дауыл мен өрт – міне менің өмірім!
Құрбан егудің хош иісі құрбанның алдын алады. Оның жұпары
алыстағы теңіздің үстінде қалықтайды және жалғыз жүзген
теңізшінің танауын қытықтайды.

535

Еркектер қатал деп саналады, бірақ шындығында әйелдер
қатал; әйелдер ақкөңілді деп есептеледі, бірақ шындығында
еркектер ақкөңілді.

536

Әйелдердің кескінін жумандар да, шаймандар да, уа,
замандастар.

537

Әйел еркекке қарағанда қылмысты он есе аз жасайды. Демек,
моральдық тұрғыдан алғанда он есе жақсы, дейді статистика.

538

Әйелдегі әйелді босату керек.

539

Әйел бүлдіршінге айналып кетеді, өйткені ол тәрбиеші ретінде
үнемі балалармен жұмыс жасайды.

540

Менің бүкіл бұтақтарымда жаңа көктем бүршік жарып келеді;
мен мұны сауығу деп атаймын. Мен оңтүстік желінің сыбдырын
есітем және мен ұяла бастаймын: менің жасөспірім бақытымның
ұялшақтығы қарақошқыл қалың жапырақтарды іздейді.

541

Абырой мәселесіне келгенде әйелдер дөрекі әрі ебедейсіз.

542

Мені сағыныш сезімі билеп алды... Мен алысқа, бүркітім менің, саған қараймын, мен қолдарыммен сипаймын... айтшы маған, ең алыс қиырда не бар? Сенің өткір көздерің не көріп тұр?

543

Сіз айтасыз «Қараңғы!» деп. Иә, шынында да мен сенің алдындағы күнді бұлтпен жаптым. Бірақ сіз көрмей тұрсыз ба, бұлттардың шеттері шоқтанып, жарық көріне бастаған жоқ па?

544

Ақиқат менің алдымнан айқара ашылды: сонда мен табынушыларымды қираттым да ұялып қалдым. Мен тәубеге келіп, өз көзімді оның зауықсыз қараған жағына қарауға мәжбүрледім; мен оны махаббатты да сол жаққа көшіруге мәжбүрледім.

545

Ешкім оны тегін алғысы келмейді: осылайша оған өзін сатуға тура келеді.

546

Айырмасы әрқилы адамдар бар: біреулер өздерінің достық немесе махаббат сезімдерінің суығанынан ұялады; келесілері бұл сезімнің оянуынан ұялады.

547

Бақытсыз махаббатты бастан кешкен адамға тәкапбарлық оның ғашығы оның сүйіктісі болуға мүлдем лайық емес дейді. Ал одан да биік тәкапбарлық оған былай дейді: «Ешкім де сүйікті болуға лайық емес... сен оны сүйесің, бірақ аз мөлшерде».

548

«Мен оны сүйемін және сондықтан оның сүйгенін қалаймын... бірақ неге дәл мені? Осы үшін мен өзімді өзім азырақ сүймеймін бе» - күдіретті махаббат адамға осылай дейді.

549

Туылудың шарты көшірге ие болуды қалаумен, еркімен сипатталады және сүйікті адамыңның өмірін жалғастыру мен онымен бірліктің ескерткіші жаңа жан иесіндегі бірлікке деген зауықтың нәтижесі. Ұнатудың емес, іңкәрлктің мәселесі бұл.

550

Адам өзінің жыныстық зауқын бала тудырудың міндеті деп есептейтін болса, мұндай жоғары ахлақи жалғандық мүмкін бе?

551

Кімде кім жаратылысынан пәк болса, онда ол пәктік туралы жоғары ойламайды, кейбір даңғой ақымақтарды айтпағанда. Олардың әлі де немесе алдағы кезде де пәк болуын қалауға себебі бар адамдар олардың табынушылары болады... Цирцеяның шошқалары.

552

Нашар! Некенің уақыты махаббаттың уақытынан бұрын келеді, егер де осы соңғысын еркектер мен әйелдердің кәметінің дәлелі деп есептесек.

553

Адам қандай жадау! Маған айтады: ол өзін өзі жақсы көреді – деп. Еһ, бұл махаббат қандай кедей еді!

554

Неке күшті махаббатқа да, мығым достыққа да қабілеті жоқ, жүні жығылған адамдар үшін ойлап табылған; сондықтан да ол көпшілік үшін, сондай-ақ махаббатқа да, достыққа да қабілетті мейлінше сирек тұлғалар үшін де қолайлы болып шығады.

555

Мәдениет – бұл тек бұрқылдаған шашыраңқылықтың жұқа алма қабығы ғана.

556

Емқағаз: ұзақ қалау, ашкөз болмау, үндемеуге үйрену, жалғыздыққа үйрену, терең сенімсіздікке үйрену.

557

Менің қалқаным – «сұлулық»: мені сендерден және сендердің қолдарыңнан қорғайды.

558

Біздің ғасырымыз – беймаза ғасыр және сондықтан да іңкәрліктің ғасыры емес: ол үнемі өзін қыздырып отырады, өйткені ол өзінің жылы емес екенін, ішкі тұңғиығында аяз барын сезеді. Мен сіздердің айтып жүрген барлық «ұлы құбылыстарыңыздың» ұлылығына сенбеймін.

559

Ұлы құбылыстардың ғасыры түкке тұрмайтын салдарлардың ғасыры болып шығады, егер адамдар каучуктан жасалып, барынша эластикалық иілгіш болса.

560

Тек енді жаңғырық бар, соның арқасында оқиғалар «ұлыға» айналады; бұл жаңғырық – үнқағаз.

561

Алданбандар! Енді ең іскер деген халықтар – барынша шаршалдыққандар! Олардың тіпті жалқаулыққа да күші жоқ.

562

Мына сұрықсыз тілдердің несіне ғашық боламыз, тек бұл тілдерде біздің аналарымыз сөйлегені үшін ғана ма? Не үшін көршілерімізді жек көреміз, егер менің және менің ата-бабаларымның бойында лайықты махаббаттың аз болғаны үшін бе?

563

Мына екі әйелдің – өткен шақ пен болашақтың – бүгін шу көтергені соншалық, осы шақ бұлардан қаша жөнеледі.

564

Енді бәрі тамаша! Енді ұсақ саудагерлер қылыш ұстап, мұрт қоятын болды және қосын маймақ аяқтыларға айналды.

565

Саудагерден асқан жаман жан жоқ. Ертелі-кеш айтатыны: «Даяшыны жек көрем, мен оның сұғанақ саусақтарын біртіндеп сындырар едім».

566

Ақша айырбастаушымен қолғап киіп амандасып, ақшаны, сондай-ақ қолдан-қолға өтетін барлық нәрсені қолғаппен ұстаған жөн.

567

Кімнің жаны – ақшалы қалта, кімнің бақыты – лас қағаз... олардың қаны қалай таза боп қалуы мүмкін?

Оныншы буынына дейін олардың қаны арам әрі сасық болады: алыпсатарлардың ұрпағы әдепсіз болады.

568

Пайдакүнемдік үшін адамдардың көпшілігі мейлінше ақылынан адасқан болып көрінеді: олардың бақыты олардың барлығын есі шыққандар етеді.

Олар бір нәрсе үшін, яғни қандай да бір махаббат үшін бәрін құрбан етеді. Олардың бұл қыңыр бейімділігі бәрінің төбесінен төніп тұр.

Олардың ынтызарлығынан олардың нақұрыстылығы атқылап тұр, соның салдарынан нашар арифметик саудагердің суық амалдарын жек көреді. Алыпсатардың ақшаға жабысқақ саусақтары мен сараң көздерінен тұратын қылық-амалдары – тіпті жануардың абыройынан да төмен тұратын қылықтар.

569

Есептелетін және төленетін нәрсенің бәрінің құны арзан болады: осы ілімді мен саудагерлердің бетіне лақтырамын.

570

Мен ұлылықтың ауқымын былай өлшеймін: «Ұлылық көрініп, адамдарға ұлылық ретінде жарығын түсіру үшін қанша уақыт қажет болады?» Осы уақытқа дейін барлық айбындылықтар жасырынып қалған тәрізді.

571

Қай заманда қандай да бір ұлы адам өзінің жақтаушысы яки табынушысы болды ма? Ол ұлылық жағына өткенде дәл осы өз жағынан кеткен-ді.

572

Ашқарақтар – бұлар, ұшқалақтар – олар; екеулері де жек көруге лайықты.

573

Егер бір үлкен қала ауылға көшер болса, онда ол өзімен тыңайтқыш емес, шірік пен былапыт әкеледі.

574

Олар кедейлердің пайдасына қарай билейді: бақытсыздықтың алдындағы ұят атаулы жоғалып кетті.

575

Сіздердің қоғамдық пікірлеріңіз сіздердің көпшілік жеңіл жүрісті әйелдеріңізден де көбірек кеселге ұшыраған: міне сіздердің ең құпия кеселіңіз.

576

Түбіне дейін ішіп құрғатылған жандар, сарқынды, өзен жағасындағы құмның құрғақ табаны...

577

Сіздер үшін «уайым» нені білдіреді? Оқиғалар шыбын тәрізді сіздердің үстеріңізге қожынап алған, сіздердің терілеріңізді түгел жеп қойған, ал жүректеріңіз бұл туралы түк білмейді.

578

Сендердің араларыңнан кім ертеңгі күнге адал кепіл бола адады? Кім ант-су ішіп, уәде бере алады? Сіздерден кім бес жыл бойы бір үйде тұра алады және бір пікірде қала алады?

579

Ізгі ерікті адамдар, бірақ тұрақсыздар, жаңашылдыққа үйір әуейілер... Бұлар жасушалар және тар жүректілер, бұлар ысталған адамдар...олардың еркін рухты адамдар болудан дәмесі бар.

580

Қоңыр тіршілік пен көнбістікте қыздырынып жатады, өзінің топастығына және жер бетінде бақыттың сонша арзан екендігіне қуанып жатады.

581

Сіздің әлемнің күн шуағы маған сондай тымырсық көрінеді, сондықтан мен сіздердің қылыштарыңыздың көлеңкесіне қуана жайғасамын.

582

Күнге қарамаңыздар! Сіздердің тауық көздеріңіз үшін айдың жарығы да жеткілікті.

583

Сіздер «шындық» іздеп жүрміз деп қиялдайсыздар. Сіздер жетекші іздейсіздер және оған бұйрық беруге қуана-қуана мүмкіндік бересіздер.

584

Шындық, болашақтың қаласында құрылыс бастайсыздар, бірақ сол үшін сіздер өткен ғасырлардың құлпытастарын ұрлайсыңдар.

585

Маған сіздер өз үміттеріңіз туралы айтасыздар ма? Бірақ ол сіздерде қысқа қадамды әрі қатар. Ол әлден-ақ бұрыш-бұрышқа көз салуда: бір бұрышта күдік қалып қойған жоқ па?

586

Сен жағалауда отырсың, суық пен аштықтан дірілдейсің: өмірден жабысып ұстануға бұл да жеткіліксіз бе!

587

Олардың бақытының жарқылы менің үстімнен көлеңкедей боп өтті: олар өздерін күшті әрі сенімді сезінген кездерінде маған аяғының ұшымен басып сенімсіздік пен оның сіңлісі – әлсіздік кіріп келді.

588

Олардың кедей екенін мен білмедім... берудің алудан қиын екендігін мен білмедім.

589

Өткенді мен жақсы көрем бе? Мен өмір сүру үшін оны жоқ қылдым. Осы шақты мен жақсы көрем бе? Өмір сүру жағдайында болу үшін мен одан теріс айналамын.

Өлім өтіндегі ой орамдары («Заратустра» кезеңдерінен)

590

Сен айтасың, мені өзіңнің ұстазым болды деп: не үшін? Мен – сенің тежеуішің емес, мен сенің желпуішіңмін.

591

Менің бауырымен жорғалаушы болғым келмейді! Мен алақ-жұлақ еткен оттардың да, батпақтан шыққандардың да ешқайсысын ұнатпаймын. Өмір батпақ емес қой?

592

Лас нәрседен көзінді алып қашқандай мен де сендердің үстеріңнен тез өтіп кетемін...

593

Өмірдің үстелінен түскен нәрсемен мен өзімді безендіргім келеді және сонымен сендерден де сәндене түскім келеді.

Фридрих Ницше

**Өлім өтіндегі ой орамдары
(«Заратустра» кезеңдерінен)**

Дизайн жасаған және беттеген: *Ж. Рахметова*

Басуға қол қойылды: 12.02.2019.
Таралымы 580 дана. Пішімі 60x84^{1/16}
Офсеттік басылым.
Шартты баспа табығы 5,5.